

№ 04 (206)
СӘУІР 2025 ЖЫЛ

АІВҮН



Республикалық әскери-патриоттық журнал





МАЗМҰНЫ:

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ҰЛТТЫҚ БІТІМГЕРЛІК
КОНТИНГЕНТІНІҢ
ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІМЕН
КЕЗДЕСТІ..... 4

ГОЛАН ЖОТАЛАРЫНАН
ОРАЛҒАН БІТІМГЕРЛЕР
МАРАПАТТАЛДЫ 7

ДЕРБЕС БІТІМГЕРШІЛІК
МИССИЯСЫН ТҰҢҒЫШ
ОРЫНДАДЫ..... 9

ӘСКЕРИЛЕРДІҢ
СӘН-САЛТАНАТЫ 12

В ПАРАДНОМ СТРОЮ..... 20


ОТАНШЫЛДЫҚТЫ
ОЯТАТАТЫН, РУХТЫ
АСҚАҚТАТАТЫН КҮН 24

ВСПОМНИМ
ПАВШИХ ПОИМЕННО..... 27

ПАРТИЗАН 30

ҰШҚЫШ 34

«ТРУД УСЕРДНЫЙ
К ПОДВИГУ ВЕДЕТ,
ПОДВИГ – СЛАВУ
ПРИНЕСЕТ»..... 37



АҰБЫН

Республикалық әскери-патриоттық журнал

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР

Тимур Аубакиров

Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР

Мейрам Токжуманов

ТІЛШІЛЕР

Рима Әбеуова

Фархат Кинжитаев

Алуа Искакова

Нариман Дюсенов

Марат Жүніс-Бек

КОРРЕКТОРЛАР

Сымбат Нұрхайдарова

Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ

Журналда Думан

Құрманғалиевтің

фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:

«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30-сәуірінде №5341-Ж куәлігі берілген Шығуы ай сайын. Бағасы еркін. Таралымы 633 дана. Тапсырыс № 04



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ БІТІМГЕРЛІК КОНТИНГЕНТІНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық бітімгерлік құрам сапында табысты қызмет атқарып, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қосқан офицерлермен және сарбаздармен кездесті. Президент елімізге жүктелген жауапты міндетті жоғары деңгейде атқарып келген әскерилер ерлік пен батылдықтың озық үлгісін көрсеткенін, сол арқылы Ұлттық армиямыздың, тұтас мемлекетіміздің беделі көтерілгенін атап өтті.



айрықша назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде әскери қызметшілерді түрлі дағдыларға бейімдеп, оларды халықаралық стандарттарға сай құрал-жабдықтармен түгел қамтамасыз ету үшін сапалы жұмыс атқарылды.

– Бұл әскеріміздің аса күрделі міндеттерді орындауға қабілетті екенін көрсетеді. Сіздер Сирия дағдарысының шешуші сәтінде ұтымды әрі батыл әрекет жасадыңыздар. Қазақстан армиясының кәсіби деңгейі жоғары екенін дәлелдеп бердіңіздер. Сол күндері қазақ жауынгерінің асқақ рухы мен қайсарлығына бүкіл әлем куә болды. Сіздер қауіпті аймақтарда жұмыс істеп, ерен ерлік көрсетіп, мол

– Бітімгер болу – бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, нағыз ержүрек жауынгерлердің қолынан келетін іс. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазір әлемдегі жағдай аса күрделі екенін білесіздер. Түрлі қақтығыстар болып жатыр. Өкінішке қарай, оның бәрін келіссөз арқылы шешу мүмкін болмай тұр. Мұндай кезде бітімгерлік миссиялары айрықша рөл атқарады. Қазақстан – бейбіт ел. Біз әлемде тұрақтылық орнатуды көздейтін барлық бастаманы қолдаймыз, - деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Президенттің айтуынша, еліміздің Қарулы Күштері 2014 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметіне өз үлесін қосып келеді. 80 азамат байқаушы және штаб офицері ретінде бірнеше миссияға атсалысып, 700-ге жуық әскери қызметші БҰҰ-ның арнайы операцияларына қатысқан. Мемлекет басшысы олардың ішінде Әлия мен Мәншүктің, Хиуаздың жолын жалғаған жаужүрек арулар да бар екенін атап өтті.



Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген ел бітімгерлік күштерге қосылуға ұмтылатынына, бірақ бәріне бірдей сенім артыла бермейтініне назар аударды. Қазақстанға осындай мүмкіндік беріліп отырғанын, бұл ретте ұлттық армиямыз былтыр тағы бір тарихи қадам жасағанын айтты.

– Қазақстан алғаш рет бітімгерлік міндетін дербес орындауға кірісті.

Голан жоталарындағы операция аясында Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасымыз мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Біз толыққанды бітімгерлік күштері бар елдердің қатарына қосылдық. Қазақстан – осы салада мол тәжірибе жинақтаған Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет, - деді Президент.

Жоғарғы Бас қолбасшы сарбаздарды маңызды миссияларға даярлау ісіне

тәжірибе жинап келдіңіздер. Енді осы тәжірибені бөлісіп, басқа да әскери қызметшілерді үйрету қажет. Бітімгерлік миссия кезінде меңгерген жаңа дағдыларды еліміздің әскер даярлау жүйесіне енгізу өте маңызды, - деді Мемлекет басшысы.

Қазір еліміздің 158 азаматы Африка және Таяу Шығыс аймағында бітімгерлік қызметте жүр. Болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы



аясында өтіп жатқан басқа да миссияларға қатысуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, Қазақстан жер жүзіндегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға белсенді түрде атсалыса бермек.

– Қарулы Күштер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Ең алдымен, сарбаздары мен офицерлерінің рухы асқақ, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік машығы мінсіз, тәртіп пен тазалықты мүлтіксіз сақтайтын әскер қуатты болады. Армия – қайсарлыққа баулитын, жігерді жанытын нағыз мектеп. Сіздер азаматтық борыш пен әскери антқа адалдық танытып, шынайы патриотизмнің үлгісін көрсеттіңіздер. Мінсіз қызметтеріңіз – өскелең ұрпаққа өнеге. Мемлекет басшысы ретінде мен қауіпсіздік және құқық қорғау саласына әрдайым айрықша көңіл бөлемін. Жақында Ақордада арнаулы жасақтар арасындағы беделді халықаралық жарыстан жүлдемен оралған күштік құрылым қызметкерлерін марапаттадық. Жалпы, әскери бөлімдер мен күштік құрылымдардың беделі мен

даярлық деңгейі едәуір өсті. Құқық қорғау және арнаулы органдар қылмыспен күресте, терроризм мен есірткі бизнесінің жолына тосқауыл қоюда тиімділігін көрсетіп келеді. Алайда босаңсуға мүлде болмайды. Алдымызда мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту міндеті тұр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан өмір сүруге қолайлы және қауіпсіз

ел болуға тиіс деп санайды. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шара қабылданып жатыр.

– Заң мен тәртіп, отаншылдық пен жауапкершілік – әскери қызметшілерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтарына ортақ аса маңызды құндылықтар. Осы жасампаз қасиеттер қоғамда жан-жақты дәріптелуге тиіс. Себебі

қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін тағы да алғыс айтып, оларға тілекші болған жақындары мен отбасыларына ризашылығын білдірді.

– Қазақта «Ердің ісі – елдің ісі» деген сөз бар. Сіздер елдік пен ерліктің туын биік ұстап жүрсіздер. Алдағы уақытта да қасиетті Отанымызды қорғап, табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Армиямыздың айбыны арта берсін! Еліміз аман, әскеріміз қуатты болсын! – деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әскери борышын үлгілі атқарғаны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ әскери қызметшіні мемлекеттік наградалармен марапаттады.





ГОЛАН ЖОТАЛАРЫНАН ОРАЛҒАН БІТІМГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Қорғаныс ведомствосында бірінші ұлттық бітімгерлік контингентінің құрамында Біріккен Ұлттар Ұйымының (UNDOF) миссиясы аясында Голан жоталарында қызмет еткен әскери қызметшілерге құрмет көрсету рәсімі өтті.

Іс-шараға Қорғаныс министрінің орынбасарлары, ведомствоның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қатысты.

Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан

Жақсылықов Қазақстан армиясының халықаралық аренадағы беделін арттыруға қосқан үлесі үшін біріккен ротаның әскери қызметшілеріне алғысын білдірді. Министр

бітімгерлік миссияға қатысу әскери дағдыларды ғана емес, сонымен қатар дипломатияның, шыдамдылық пен адамгершіліктің жоғары деңгейін талап ететінін атап өтті.

– Сіздер Голан жоталарында жауапты миссияны орындап, елге абыроймен оралдыңыздар. Сіздердің ендігі міндеттерің – күрделі миссия барысында жинаған тәжірибені беру. Бұл Қарулы Күштерді одан әрі нығайтуға ықпал етеді, – деп атап өтті ведомство басшысы.

Әскери борышын мінсіз орындағаны және

халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесі үшін ұлттық бітімгершілік контингентінің бірінші құрамының барлық әскери қызметшілері «Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін» медалімен марапатталды.

«Ел қорғаны» медалін 22750 әскери бөлімі автокөлікпен қамтамасыз ету тобының техник-жүргізушісі старшина Азамат Сағындықов пен барлау тобының сержанты – 22750 әскери бөлімі арнайы мақсаттағы командасының жауынгерлік және дене шынықтыру даярлығы



жөніндегі нұсқаушы сержант Темірлан Маусымбаев алды.

ҚР Қорғаныс министрлігі Бітімгерлік операциялар орталығының медициналық қызмет сержанты –

санитарлық нұсқаушысы аға сержант Ардақ Күртебаева мен Бас әскери клиникалық госпиталі анестезиология және реанимация бөлімшесінің аға

маманы ефрейтор Айкерім Сесерхан адал қызметі үшін «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Кәсіби біліктілігі және

жауапты ісі үшін 58012 әскери бөлімі инженерлік-саперлік ротасының сержанты 3-сыныпты сержант Мадияр Стамшал «Минасыздандырудағы ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

22750 әскери бөлімі арнайы мақсаттағы барлау тобының мергені лейтенант Мұхит Жолаушиевке мерзімінен бұрын «аға лейтенант» атағы берілді.

Кездесу барысында қорғаныс ведомствосының басшысы қолбасшылыққа тәжірибені жинақтау, жеке құрамды дайындау бойынша ұсыныстарды қалыптастыру, бітімгерлік миссиялардың тактикасына, стратегиясына және практикалық қызметіне түзетулер енгізе отырып, кешенді бағалау жүргізу жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.



ДЕРБЕС БІТІМГЕРШІЛІК МИССИЯСЫН ТҰҢҒЫШ ОРЫНДАДЫ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ДЕРБЕС ҰЛТТЫҚ БІТІМГЕРШІЛІК КОНТИНГЕНТІНІҢ ҚҰРАМЫНДА «БҰҰ-НЫҢ ГОЛАН БИІКТІКТЕРІНДЕГІ БӨЛІНУДІ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КҮШТЕРІНІҢ» МИССИЯСЫН ОРЫНДАҒАН «ШЫҒЫС» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ АМАН-ЕСЕН ЕЛГЕ ОРАЛДЫ.

Бір жыл Сирия Араб Республикасының Голан жоталарында бітімгершілік миссиясын атқарған әскери қызметшілерді қолбасшылықтың жеке құрамы, әскерилердің отбасылары мен туған-туыстары, жора-жолдастары халықаралық Абай әуежайында зор қошеметпен қарсы алды. Миссия міндеттерін нақты және белгіленген мерзімде орындап, еліміздің Қарулы Күштерінің жауынгерлік даңқы мен абыройын арттырғаны үшін «Шығыс» өңірлік

қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы полковник Жеңіс Мұхамедқалиұлы Маралов алғысын айтты. «Голан жоталарындағы БҰҰ миссиясы аясында атқарған қызметтеріңіз – еліміздің бейбітшілік пен тұрақтылыққа қосқан зор үлесі. Бір жылдың ішінде 200-ден астам жарылмаған снарядтарды залалсыздандырып, БҰҰ-ның қызметкерлерін медициналық эвакуациялау бойынша өз өмірлеріңізді еш ойланбастан қатерге тігіп, кәсіби даярлықтың жоғары

деңгейін, іс-қимылда бірлесіп, жедел әрекет етудің шеберлігін көрсеттіңіздер. Сіздер Қазақстанның алғашқы дербес бітімгершілік контингентінің мүшелері ретінде тарихта қалдыңыздар», - деді ол.

«Шығыс» өңірлік қолбасшылығынан капитан Мақсат Қасымов, «Шығыс» өңірлік әскерлері қолбасшысы басқармасының тылмен қамтамасыз ету басқармасының сержанты 2-ші сынып сержанты Бауыржан Молдағазин, 44736 әскери бөлімінен арнайы мақсаттағы барлау-шабуылдау ротасының командирі майор Есен Сабыржанов, арнайы мақсаттағы аэромобильді ротасының мергені – аға маман (аға барлаушы) ефрейтор Төлеутай Хайранов, взвод сержанты аға сержант Айбек Қалимұратов, жүргізуші кіші сержант Олжас Тыныбеков,



барлау-жауынгерлік ротасының дәлдеуші операторы – аға маман (аға барлаушы) ефрейтор Олжас Алпысбаев, мерген – аға маман (аға барлаушы) ефрейтор Еділ Жұмағазин, бөлімше командирі сержант Дархан Еркінов, барлау-жауынгерлік ротасының аға барлаушы (аға дәлдеуші операторы) ефрейтор Дамир Сүлейменов, барлау-шабуылдау ротасының жауынгерлік БКМ машинасының операторы аға маман (аға барлаушы) ефрейтор Бекжан Қасымхан, барлау-шабуылдау ротасының мергені – аға маман (аға барлаушы) ефрейтор Шыңғысхан Хаймулдинов, әскери бөлімнің (ресурстарды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі бойынша) технигі 3-ші сынып сержанты Қанат Ибраев, бөлімше командирі сержант Дәулет Бақтығазы, бөлімше командирі сержант Мағжан Көшеров, отпен қолдау ротасының танкіге қарсы зымырандық кешен взводының сержанты (жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушы) аға сержант Эльмурат Садықжанов, материалдық-техникалық қамтамасыз ету ротасының бөлімше командирі сержант Рустем Чалгабаев, арнайы мақсаттағы амфибиялық барлау ротасының екінші топ сержанты аға сержант Дархан Орысбаев, транспорттық бөлімше командирі сержант Аят Алтынбеков, материалдық-техникалық қамтамасыз ету ротасының аға маман аға аспазы ефрейтор Ельдар Уйсенов,



44793 әскери бөлімінен аға маман аға радиотелеграфист ефрейтор Сания Теленчинова, 28738 әскери бөлімінен зенитті дивизионның механик-жүргізушісі аға сержант Бақытжан Татубеков, 27943 әскери бөлімінен барлау-жауынгерлік ротасының топ сержанты 3-ші сынып сержанты Саян Жылхайдаров, 1-ші танк батальоны 1-ші танк ротасының сержанты 3-ші сынып сержанты Ербұлан Абишев, 2-ші мотоатқыштар батальонының жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушысы – отпен қолдау ротасының сержанты 3-ші сынып сержанты Думан Жанатаев, 1-ші танк батальоны материалдық-техникалық қамтамасыз ету взводының сержанты (жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушысы) аға сержант Руслан Серикбаев, 30217 әскери бөлімінен барлау батальонының

**Майор Есен САБЫРЖАНОВ,
Бірінші ұлттық Қазақстанның
бітімгершілік контингентінің
барлау тобының командирі:**

«Біз Сирия Араб Республикасының Голан жоталарындағы атысты тоқтату режимін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқару мақсатындағы бітімгершілік миссиясын орындау үшін былтыр наурыз айында аттанған едік. Бір жылдан астам уақыттың ішінде 600-ден астам әскери тапсырма орындадық. Әрқайсысын жетік меңгеріп, дұрыс қабылдап, соған сәйкес тиісті әрекет жасай біліп, үлкен жетістіктерге жеттік. Мысалы, Сирия елінде 2024 жылдың желтоқсан айында болған көтеріліс кезінде Голан биіктігіндегі БҰҰ-ның 10 шақты мемлекетінің бітімгерлерінің арасында қазақстандық әскерилер ерекшеленді. Кәсіби дайындық, келісім және жедел іс-қимыл жасап, жауынгерліктің жоғары деңгейін көрсеткеніміз үшін Бітімгерлік миссияның қолбасшысы медальдармен марапаттады.

Мемлекет басшысы – еліміз Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әскери борышымызды үлгілі атқарғанымыз үшін алғысын білдірді. Әскерілерімізді БҰҰ Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін мемлекеттік наградалармен марапаттады. Төрт әскери «Айбын» орденін, тағы төртеуі «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін алды. Мен үшін алғашқы миссия. Енді жинақтаған тәжірибеммен бөлісіп, болашақта БҰҰ-ның басқа да миссияларына қатысуға дайынмын».

**Ефрейтор Төлеутай
ХАЙРАНОВ, 44736 әскери
бөлімінің аға маман-аға
барлаушы-мергені:** «Мен
бұған дейін БҰҰ Ливандағы
миссиясына қатысқанмын.



Нақтырақ айтқанда, 2021 жылы жарты жыл БҰҰ Ливандағы уақытша күштерінде үндістандық батальонның құрамында атқардым. Бұл жолы Сирия Араб Республикасына дербес ұлттық бітімгершілік контингенті ретінде Қазақстанның туымен бардық. Миссия барысында бізге қойылған тапсырмаларды толықтай және үлкен жауапкершілікпен атқарып отырдық. Ерен еңбегімізді Бітімгерлік миссияның қолбасшысы, Гана Республикасы армиясының генерал-майоры Анита Асма жоғары бағалады. Бүкіл Миссия контингенттерінің арасында Қазақстан құрамасын ерекше атап өтіп, ризашылығын білдірді. Былтыр желтоқсан айында бүкіл Сирия бойынша көтеріліс болып, нәтижесінде билік ауысқанын білесіздер. Сол кезде бітімгерлерге бітімгершілік жұмысын атқару қиынға түсті. Себебі, біз патрульдік қызметке күнделікті шығу, БҰҰ-ның персоналдарын алып жүру, UNDOF-тың («Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштерінің») бақылау бекеттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тағы басқа Фауар базасынан тыс жердегі тапсырмаларды орындау қажет болды. Көтеріліс болып жатқанына қарамастан, өз міндеттерімізді үздіксіз орындадық. Сол көтерілісті өз арамызда «Желтоқсан көтерілісі» деп те атап кеттік. Расымен күрделі жағдай болды».

Ефрейтор Саняя ТЕЛЕНЧИНОВА, 44793 әскери бөлімінің аға маман – аға радиотелеграфисті: «Бұл миссияның ерекшелігі сол, контингент құрамында әскери әйелдер де болды. Маған әйел ретінде қиын болған жоқ. Өз басым патрульдік кезекшілік, қақтығыс пен соғыс болып жатқан жағдайда адамдармен жұмыс жасау секілді кәсіби біліктілікке қатысты мол тәжірибе жинақтадым. Ең бастысы Отаныма аман-есен оралғанымға қуаныштымын. Біздің Қазақстан – бейбітшіліктің, тыныштықтың мекені».



арнайы мақсаттағы барлау ротасының топ командирі лейтенант Мақсат Нагин, взвод сержанты аға сержант Мирхат Аманжолов, танк батальонының сержанты 2-ші сынып сержанты Біржан Мамырханов, 1-ші артиллериялық дивизионның 1-ші артиллериялық батареясының аға маманы (аға механик-жүргізушісі) ефрейтор Қайрат Акимчанов, 11098 әскери бөлімінен радиациялық химиялық барлау бірінші ротасының РХБ қорғау бірінші взводының екінші бөлімше командирі кіші сержант Мұқан Жұмабеков, 40398 әскери бөлімінен 2-ші мотоатқыштар батальонының 6-шы мотоатқыштар ротасы 2-ші мотоатқыштар взводының сержанты аға

сержант Дәулет Қасқабаев, танк батальонының 1-ші танк ротасы 2-ші танк взводының сержанты аға сержант Жасұлан Смағұлов, 1-ші мотоатқыштар батальоны 1-ші мотоатқыштар ротасының 2-ші бөлімше командирі сержант Сержан Жаңбырбай, 1-ші мотоатқыштар батальоны 1-ші мотоатқыштар ротасының 2-ші мотоатқыштар взводының 2-ші бөлімше командирі сержант Айбек Хасенов, 10810 әскери бөлімінен взвод сержанты – жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушы аға сержант Рустам Казми және 10181 әскери бөлімінен 1-ші өздігінен жүретін артиллериялық дивизионы 2-ші өздігінен жүретін артиллериялық батареясының маман механик – жүргізушісі ефрейтор Архат Амангелді ет-жақындарымен қауышты.

Алуа Искакова
Суреттерді түсірген автор





БИЫЛ ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕЙТОЙ РЕТІНДЕ БАРЫНША СӘН-САЛТАНАТЫМЕН КЕҢ КӨЛЕМДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛМАҚ.
ЖЫЛ БАСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖЕҢІС КҮНІН МЕРЕКЕЛЕУ АЯСЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ
– ӘСКЕРИ ШЕРУ ӨТЕТІНІН АТАП ӨТКЕН ЕДІ. ОСЫЛАЙША, МАМЫР АЙЫНЫҢ 7-СІ КҮНІ ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ
КҮШТЕРІ ӘСКЕРИ ПАРАДТА КҮШ-ҚУАТЫН КӨРСЕТПЕК.



ӘСКЕРИЛЕРДІҢ СӘН-САЛТАНАТЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ҚУАТЫН КӨРСЕТЕДІ

ӘЛҚИССА

Әуелгіде әскери парад ежелгі Египет, Парсы, Рим елдерінде пайда болған. Тарихи деректерге жүгінсек, ең алғашқы әскери шерудің үлгісін жасаған – Рима жасағы. Яғни, ежелгі Рим мемлекетінде жауға тойтарыс беріп, жеңіспен оралған жасақ пен оның қолбасшысын елі қошеметпен салтанатты түрде

қарсы алған.

Осындай үрдістен түркі халқы да қалыс қалмаған. Біздің түркі халықтарының тарихында сап түзеген қалың қолды немесе жасақты әскери жорықтарға кернейлетіп, салтанатымен аттандырғаны немесе қошеметпен қарсы алатыны тарихи дастандар мен шежірелерден мәлім. Мысалы: «несе мың шеру әскер алып

аттанды» («Ер Тарғын»), «Көшу сапарын жортуылға, шеру мен аттанысқа ұқсатады» (М.Әуезов) т.с.с.

Ал нағыз шерудің ұйымдастырылу аясының кең етек ала бастаған тұсы он сегізінші ғасырда Батыс Еуропада жүзеге асты. Сондықтан әскери парадтың кеңінен таралуы XVIII ғасырға тиесілі деп айтуымызға болады.



Тарихи мәліметтерге сүйенсек, осы ғасырдың тұсында Батыс Еуропада (Пруссияда және басқа да мемлекеттерде) біркелкі сап түзеу арқылы қимыл-әрекеттерді өте баяу қарқынмен орындайтын саптық шеру кеңінен тараған.

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛДЫ

Тарихтан мәлім, 8 мамыр 1945 жылы Берлин қаласының маңайында жау жақтың қарсылықсыз көнуі туралы актіге қол қойылса, Мәскеуде СССР Жоғарғы Кеңесі президумының «9 мамыр – Жеңіс күні туралы» Жарлығы бекітілді. Ал сол жылдың 22 маусымында Бас Жоғарғы қолбасшы Сталиннің № 370 Жарлығы шықты.

Сөйтіп, бұл парадқа Кеңес Одағы өте тиянақты дайындалады. Жан-жақтан астанаға жиналған полктарды Мәскеу мен қала түбіндегі әскери бөлімдерге орналастырады. Әскери ордендерін кеуделеріне жарқырата таққан майдангерлер парадқа дайындық барысында минутына 120 қадам жүруді үйренеді.

Көптен күткен Қызыл алаңдағы Жеңіс парадында салтанатты фанфардың үні әуелейді. Сол әскери парад кезінде мавзолейдің мінберінде тұрған Сталин әскери маршалдар мен генералдарға сәл де болса шеткерік ығысып, орын берген деген дерек те бар.

Жеңіс парадында марштың ырғағымен салтанатты түрде майдан полктері лек-легімен өтеді. Атап айтқанда, Карельск, Ленинград, 1-ші Прибалтика, 1-ші, 2-ші және 3-ші Белоруссия, 1-ші, 4-ші, 2-ші және 3-ші украиналық және әскери теңіз флоттары қатысады. Шерудің алдыңғы қатарында армия мен майдан басшылары шахмат тақтасындағы шашкалар

сияқты сап түзейді. Соңынан Кеңес одағының батырлары, әскери ордендердің иегерлері Ту ұстап өтеді. Майдангерлер сап түзеген шерудің соңынан алаңға фашистік германияның жеңіліс тауып, мавзолейдің табанына тасталған туды ұстаған батальон шығады.

Бұдан өзге, Қызыл алаңдағы парадта көпшілік мәскеулік гарнизонның бөлімдері мен әскери оқу орындарының да өнерін тамашалайды. Ал, көк аспанда әскери ұшақтар қалықтап, ұтқырлығын көрсетеді.

Жалпы екі сағатта

Қызыл алаңда 40 мың әскерилер мен 1850 әскери техникалар қатысқан. Осындай ерекшелікпен өткен Жеңіс парадын тіпті кинооператорлар түсіріп алып, кейіннен фильмдер шығарған.

Ұлы Жеңістің құрметіне арналған осындай атышулы парад 1948 жылдан бастап жалғасын таппай қалады. Себебі, 9 мамыр қайтадан жұмыс күні болып бекітілді.

Кейін, араға жиырма жыл салып, 1965 жылы Жеңіс парады қайта ұйымдастырылады. Ұлы Жеңістің 20 жылдығында

соғыс ардагерлері Мәскеуге шақырылған. Сонда грузин Кантария 150-ші дивизияның Рейхстагқа тігілген туын Қызыл алаңға ұстап шығады. Сол топта Рақымжан Қошқарбаев та болған. Ол Кантарияның қолынан туды жұлып алып: «Бұл туды Рейхстагқа бірінші мен тіккенмін» деген екен. Шындықты білетіндер оған қарсы келмейді. Қошқарбаевтың сол туды көпшіліктің ортасында ұстап тұрған сурет қазір бар.

1970 жылдың 9 мамырында Ұлы Жеңістің 25 жылдығына орай соғыс құрбандарын еске алу мағынасында бір мезгілде,





сағат 18. 50 минутта барлық Мәскеу бағдаршамдарында қызыл белгі бір минутқа жанып тұрған.

Бірақ, бұдан кейін Жеңіс күніне орай қызыл алаңда парад өте қоймайды. Есесіне әскерилер дәстүрлі түрде бас алаңнан 1 мамыр мен 7 қарашада табылатын болды. Ең соңғы Кеңес әскерінің парады 1990 жылға тиесілі. Кеңес Одағы ыдырап, әр мемлекет еншісін алып кеткеннен кейін

екінші дүниежүзілік соғыстың тарихта орны барын ескеріп, 1995 жылы әскери парад қайта қолға алынды. Сөйтіп, 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығы құрметіне орай екі жерде әскери парад ұйымдастырылды. Бір айта кетерлігі, содан бері Қызыл алаңда үздіксіз ұйымдастырылып келе жатқан бұл шараға кешегі майдангерлер – бүгінгі қазақстандық соғыс



ардагерлері қонақ ретінде арнайы шақырылып, қатысып тұрады.

АЙБЫНЫМЫЗДЫ АСҚАҚТАТҚАН ПАРАДТАР

Бәрімізге мәлім, 1990 жыл еліміз үшін тарихи жыл болды. Сол жылдың 25 қазанында егемендімізді жарияладық. Сол тұста тәуелсіз елміз деп тәубаға келіп, іргемізді бүтіндеп, шекарамызды бекемдеп, қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуге талпындық. Осы орайда 1992 жылдың 7 мамырында ел Президенті

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Осы күнді еліміздің әскери парадының тарихы бастау алды десек, қателеспеспіз. Себебі Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылуы құрметіне орай ең алғаш рет парад 7 мамырда Алматы қаласының Республика алаңында өтті. Оған ҚР ҚК әскер түрлері, Қорғаныс министрлігінің, әскери әуе күштерінің, Шекарашылар әскерінің, Ішкі әскерлердің,





әскери оқу орындарының, Алматы гарнизонының, әскери комиссариаттардың жинақталған полктары қатысты. Бұл алғашқы әскери шеруді Қазақстанның алғашқы Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Кеңес Одағының батыры, Армия генералы С.Нұрмағамбетов қабылдады.

Жалпы осы жылдар ішінде еліміздің армиясы қалыптасып, дамудың күрделі кезеңдерінен өтті. Осы жылдар ішінде әскердің жаңа бейнесі қалыптасты. Кәсіби біліктілігі жоғары, жинақы армия заманауи қару-жарақпен, жаңа техникамен жарақтандырылды. Бүгінде Құрлық әскері, Әуе қорғанысы күштері, Әскери-теңіз

атап өтуге болады. Бұл парад «Қазақ елі» алаңынан естілген айбынды дауыс тікелей эфирмен берілген трансляция арқылы бүкіл елге тарап жатты. Әскери шеруде жаяу және әскери техникамен жылжыған Құрлық әскерлерінің, Әуе қорғанысы күштері мен Әскери-теңіз күштерінің, Ішкі әскерлер мен Шекара қызметінің, республикалық Ұлан мен Төтенше жағдайлар министрлігінің ең үздік әскери қызметшілері салтанатпен сап түзеп өтті.

Бұл парадтың ерекшелігі – тамыз айының 25-інен бастап ел Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан



Назарбаевтың Жарлығымен Қарулы Күштерімізде жаңа, жетілдірілген мерекелік және күнделікті киіп жүретін әскери киім үлгісінің енгізілгендігі. Сонда әскери қызметкерлеріміз шеруде жаңа әскери киім үлгісін тұңғыш рет киіп шықты.

Екіншісі, қазақстандықтардың бұған дейін бұрын-соңды көрмеген жасақтар мен жаңа әскери техниканы еліміздің бас алаңынан алғаш рет тамашалауы болды.

Үшіншісі, бұл әскери шеруге тұңғыш рет мергендер жасағы, құрлық әскерлерінің таулы-атқыштар бригадасының әскери қызметшілері және әйел әскери қызметшілердің екі жасағы алғаш рет жүріп өтті.

Қазақстан Қарулы Күштері өкілдерімен қоса алаңға Отанымыздың шебін қорғаушы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің, республикалық Ұланның жасақтары сап түзеді.

Сондай-ақ бұрын көрсетіліп жүрген техникалармен бірге, жаңадан қабылданған техникалар өз қуаттарын көрсетті. Мәселен, жаяу әскердің жауынгерлік машинасы – БМП-2, «Стрела-10М» зенитті-зымыранды кешені, «Штурм-С» өздігінен жүретін танкке қарсы зымыранды кешеннің жасақтары, десантты-шабуылдаушы бригаданың Жауынгерлік туымен



күштері құрлықта, теңізде және әуеде ел іргесінің беріктігін, халықтың тыныштығын күзетеді. Басты стратегиялық бағыттарда «Оңтүстік», «Шығыс», «Батыс» және «Астана» өңірлік қолбасшылықтары құрылған.

Мұнан кейін ел тарихында әскери парад азаттығымыздың айшықты айғағы болған Ата Заңымыз – Конституция күні құрметіне орай өткізіліп отырды. Әсіресе, Конституция күніне және ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай еліміздің бас қаласындағы «Қазақ елі» монументі алдында өткен әскери шеруді айрықша





«Лэнд Ровері», «Хаммер» автокөліктеріне мінген «Қазбат» қазақстандық бітімгершілік батальонының арнайы мақсаттағы ротасы, оларды жетілдірілген БТР-82А бронды транспортерлері, зенитті-ракеталық С-125; С-200 және С-300 кешендері және тағы сол сияқтылар.

Еліміздің бас алаңында өткен әскерлердің салтанатты шеруі мұнан кейін көк жүзінде Әуе парады жалғастырды. Әуелі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің туын армиялық авиацияның Ми-17 тікұшақтары көгімізде желбіретті. Кейін шерулік сапты МИ-24 жауынгерлік тікұшақтарының екі тізбегі («пеленг» және «сына» жауынгерлік тәртібінде), «пирамида» жауынгерлік тәртібінде армиялық авиацияның көп нысанды Ми-17 тікұшақтар буыны, ауыр әскери-көліктік тікұшақ Ми-26, көпнысанды Ми-17 тікұшақтары және МиГ-29 жойғыш ұшақтардың

сүйемелдеуімен әскери-көліктік авиацияның Ту-154, Ту-134 және Ил-76 ұшақтары аспанымызда қалықтады.

Әуе шеруін жұртшылықты қайталанбас әсерге бөлеген Су-27 ұшақтарымен «Жетісу сұңқарлары» ұшу тобы

аяқтады. Олар ұшудың «Бәйтерек» атты жоғары әдісін сағатына 800 шақырым жылдамдықта орындады. «Нестеров тұзағы» тәрізді аса қиын фигура да көпшілікке ұсынылды. Осы парадта әскери ұшқыштар өз ісінің

майталман мамандары екенін тағы бір дәлелдеді. Инженерлік-штурмандық есептері мен ұшқыштық тәжірибелерін ұштастыра білген ұшқыштар төмен биіктікте қатты жылдамдықпен әуеде әдемі ұшып өтті.





Әскерлер парады әдеттегідей біріктірілген әскери оркестрдің әуендерімен аяқталды. Жалпы, 2011 жылы өткен бұл әскери шеруге 2500 әскери қызметші, 130-дан астам қару-жарақ пен әскери техника, сондай-ақ 60-тан астам ұшақ пен тікұшақ қатысып, қазақстандық әскери қызметшілер құрлықта, әуеде күрделі әскери техниканы басқарудың жоғары шеберлігін танытты. Ал, 2012 жылы 3-6 мамыр аралығында Астанада өткен II халықаралық «KADEX-2012» қару-жарақ және әскери-техникалық мүлік көрмесі шеңберінде мыңдаған астаналықтар мен қала қонақтары, сондай-ақ 20-дан астам шетелдерден келген көрмеге қатысушылар мен әскери мамандар қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін, авиациялық шоуды, әскери бөлімшелер мен бронды техникалардың көрсетілімдерін, әскери оркестрлердің плац-парадын тамашалаған болатын. Осыған байланысты, 30 тамызда әскери парад өткізбеу туралы шешім қабылданып, сол



себепті, Конституция күні құрметіне арналған әскери парад көрмемен кезектестіріп өткізу жоспарланды.

Мұнан кейін 2013 жылдың еншісіне бұйырған парад өзгеше атауға ие болды. Бұл жолғы әдеттегідей, әскери емес, жауынгерлік парад ТМД елдерінің ішінде

біздің елде тұңғыш рет ұйымдастырылды. Дала жағдайында ұйымдастырылған әскери шарада әр жауынгер өзінің шеберлігін іс жүзінде көрсетті. Сонымен қатар, мұнда ТМД елдерінің ешқайсысында жоқ жаңа техника мен қондырғылар да көптің назарына ұсынылды.

Жауынгерлік парадқа еліміздің барлық әскери құрылымының өкілдері, нақтырақ айтқанда, 7 мыңнан астам әскери қызметші, 400-ден аса әскери техника, 80 шақты ұшақ пен тікұшақ жұмылдырылды. Сондай-ақ, парад барысында «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-





ның құрамына кіретін қазақстандық қорғаныс өнеркәсібі кешенінің кәсіпорнында шығарылған байланыс құралдары мен қару-жарақтары, жаңа және жаңартылған әскери техникалар көрсетілді.

Әскери, азаматтық және қосалқы міндет жүктелген арнайы техникалар, оның ішінде штабтық, жауынгерлік, медициналық, іздестіру-құтқару машиналары, радиожелілік стансалар, қар және батпақ үстімен жүре алатын «Тұлпар» техникасы, ЕС-145 тікұшақтары, ұшқышсыз ұшу аппараттарының түрлері таныстырылды.

Парадты ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы «Даңқ», «Айбын» және «Отанға қызметі үшін» ордендерінің иегері, генерал-лейтенант Мұрат Майкеев басқарды.

Ал 2014 жылдың 7 мамыры күні Қарулы Күштердің құрылған күніне орай Астанада бұрын-соңды болмаған әскери шеру өтті. Мемлекеттік мәртебеге ие болған Отан қорғаушы күнінде 2 жарым мың сарбаз, 200-ден астам әскери техника мен ұшқыштар өз шеберлігін паш

етті. Шеруді бірінші болып Сағадат Нұрмағамбетов атындағы мектептің курсанттары бастады. Оның ізін Қорғаныс, Ішкі Істер, Төтенше жағдай, Шекара қызметі, Ұлттық гвардия мен жаңадан құрылған мемлекеттік Күзет қызметінің сарбаздары жалғастырып әкетті. Әсіресе көптің назары қыздардан жасақталған ротаға ерекше ауды.

Осыдан соң гүрілдеген техниканың даусынан құлақ тұнды. Себебі бұл сәтте алаңға танктер шыққан болатын. Кейін әскери техниканың сан түрі көрсетілді. Олардың арасында отандық зауыттарда құрастырылғандары бар. Осы шарада көптің қызығушылығын туғызған авиация шоуы еді. Бұл күні Астана аспанында 75-тен астам ұшақ пен тікұшақ еркін қалықтады. Әуе шоуының соңында, ұшқыштар әуеде «Бәйтерек» монументі мен бәйшешек гүлін бейнеледі. Ал соңы отшашумен аяқталды.

Өйткені парадқа қатысқан 2 жарым мыңнан астам сарбаз, 250 техника мен 75 ұшақ қазақ армиясының қуатын дәлелдеп беріп еді.

2015 жылы Астанада Отан қорғаушы күні мен Жеңістің

70 жылдығына арналған әскери парадқа 5 000-ға жуық әскери қызметші, 200 дана шамасында қару жарақ пен әскери техника, әскери авиацияның 70 ұшағы мен тікұшағы тартылды. Сонымен қатар, ҚР Қарулы күштерінің техникасынан тыс, Ұлы Отан соғысы уақытындағы армия мен қару-жарақ түрлері де көрсетілді.

Парадтағы жаяу тізбектер шеруін Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебінің барабаншылары ротасы ашты. Олардың соңына ілесе Ұлы Отан соғысы уақытындағы әскери киім үлгісіндегі үш парадтық топ жүріп өтті. Салтанатты сапты ҚР Қорғаныс министрлігінің, Құрлық әскерлерінің, Әуе қорғанысы күштерінің және Әскери-теңіз күштерінің офицерлерінен құралған парадтық топтар жалғастырды. Аэроұтқыр әскерлерінің, теңіз жаяу әскерлерінің, бітімгершілік күштерінің, арнайы мақсаттағы роталар, әскери қыз-келіншектерден құралған роталар, әскери полиция роталары да парадта сап түзеп өтті.

Тарихи әскери техникалардың тізбегін өздігінен жүріп өтетін Т-34 танкі, ЗиЛ-157 сүйреткен ЗИС-2 зеңбіректері және М-30 гаубицалары, аты аңызға айналған БИ13 РС-30 «Катюша» техникалары бастады. Сонымен қатар, «Максим» пулеметі, РПД (Дегтярева қол пулеметі), ППШ (Шпагин тапанша-пулеметі) де парадқа қатысушылардың назарына ұсынылды.

2017 жылғы 7 мамырда Елордадағы Тәуелсіздік алаңында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 25 жылдығына және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 72 жылдығына арналған әскери парад өтті. Әскери парадты ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ашты. 2017 жылғы әскери парад – қазақстандық армияның әскер түрлері мен тектерінің ең ірі маршы. Барлық өлшем бойынша бұдан бұрын өткізілген әскерлер парадынан асып түсті және өзінің ауқымдылығы бойынша маңызды мерейтойлық датаға толық көлемде сай болды. Астанадағы Тәуелсіздік алаңында салтанатты маршпен шамамен 26 жаяу әскер





парадтық есептоп құрамында 5000-нан аса әскери қызметші адымдап өтті. 300-ге жуық бірлік әскери техника мен қару-жарақтың заманауи үлгілері механикаландырылған лектің қарқындылығын паш етті. Қазақстандық авиацияның қуаты мен жауынгерлік әзірлігін көк аспанда Әуе қорғанысы күштерінің 70-ке жуық бірлік авиациялық техникасы көрсетті. Бұл ретте қазақстандықтар алғаш рет 2016 және 2017 жылдары әскеріміздің жауынгерлік арсеналын толтырған отандық және шетелдік өндірістің су жаңа әскери техникасын, қару-жарақтың жаңа үлгілерін өз көздерімен тамашалауға мүмкіндік алды.

Дәстүрлі түрде жаяу әскер лектерінің өтуін «Жас ұлан» республикалық мектептерінің тәрбиеленушілерінен құралған барабаншылардың құрама ротасы ашты. Алғаш рет биылғы жылы барабаншылардың сапында Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларындағы барлық республикалық «Жас ұлан» әскери мектептерінің үздік өкілдері болды. Шеруді ҚР Қорғаныс министрлігі, Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері және Әскери-теңіз күштері, Десанттық-шабуылдау әскерлері, теңіз жаяу әскері, бітімгершілік күштердің, арнайы мақсаттағы бөлімшелердің офицерлері, әскери қызметші әйелдердің, әскери полицияның, аумақтық қорғаныс бригадасының және т.б. парадтық есептоптар жалғастырды. Көрермендер механикаландырылған лектің құрамындағы қару-жарақ пен әскери техниканың заманауи үлгілерін өз көздерімен көрді. Оның ішінде «Каз Град», «Смерч», «Прима» дүркін оқ атудың реактивті жүйелері, «Кобра» жауынгерлік барлау машиналары, ЖЭЖМ-2 жаяу әскер жауынгерлік



машиналары, «Солнцепек» АОЖ-1 оқшашар жүйелері, «Штурм-С» танкіге қарсы зымыран кешені, БТР-80А, БТР-82-А броньды транспортерлері, «МСТА-Б» гаубицасы, «Гиацинт» зеңбіректер батареясы, «Тюльпан» өздігінен жүретін минаатқышы, «Точка-У» тактикалық зымырандары, «Арлан» броньды дөңгелекті машиналары, «Хаммер» жоғары маневрлі көпмақсатты өтімділігі жоғары армия броньды автомобильдері, «Натиск» ұшу аппараттары мен радиоэлектрондық барлау жүйелері, «Федерал» арнайы броньдалған автомобильдер легі, «Тигр» арнайы полиция автомобилі және басқа да заманауи әскери техника мен қару-жарақ үлгілері. Парадтың авиациялық бөлігі кеңінен көрсетілді. Бүгін елорда тұрғындары мен қонақтары Әуе қорғанысы күштерінің ең заманауи ұшу аппараттарын басқарған қазақстандық ұшқыштардың шеберлігін лайықты түрде бағалады. Астананың көк аспанында ұшып, ұшқыштар «25» деген мерекелік датаны және «Бәйтерек» деп аталатын жоғары пилотаж фигурасын

паш етті. 2017 жылғы Әскери парад еліміздің тарихындағы ең ауқымды парад болды.

Мұнан кейін 2018 жылы «Отар» 40-шы әскери базасында өткен жауынгерлік парадта Арнаулы операциялар күштерінің, Мемлекеттік күзет қызметінің, Ұлттық ұланның, Әскери-теңіз күштерінің арнаулы мақсаттағы отрядының, сондай-ақ аумақтық әскерлердің әскери қызметшілерінің шеруге қатысушы құрамдары сап түзеп өтті.

Заңсыз қарулы құрылымдардың шартты базасын жою жөніндегі тактикалық эпизодтарды орындау барысында «Точка-У» тактикалық зымыран кешені, «Град» және «Прима» дүркіндетіп отшашу зымыран жүйесі, МСТА-Б және Д-30 зеңбіректері, «Солнцепек» ауыр отшашқыш зымыран жүйесі, «Штурм-С» танкіге қарсы зымыран кешені және Ракета әскерлері мен артиллерияның басқа да қару түрлерінің мүмкіндіктері көрсетілді. Құрлық әскерлері және Әуе қорғанысы күштерінің әскерлері зымыран атып,

бомба лақтырды, сондай-ақ барлық қару түрінен оқ атты. Әскери-әуе күштерінің майдандық және әскери авиациясының ұшақтары мен тікұшақтары аспанда әуе шайқасын көрсетті. «Жетісу Барысы» ұшқыштар тобы жоғары деңгейде шеберлік танытты. Әскери парадқа 3 мыңға жуық жауынгер қатысып, 300 әскери техника мен қару-жарақ, 40 ұшу аппараты жұмылдырылды. Осылайша, 2018 жылы Қазақстан армиясының қуаты таныстырылды.

СӨЗ СОҢЫ

Араға бірнеше жыл салып, биыл өтетін салтанатты шарада 4 мыңнан астам жауынгер сап түзейді. Жұртшылық назарына 400-ге жуық әскери техника ұсынылады. Сонымен қатар, әуе шоуы да жоспарланған. Қазір шеруге қатысатын ел әскері сақадай-сай тұр деп айта аламыз.

Рима ӘБЕУОВА
Суреттердің авторы
Ағыбай АЯПБЕРГЕНОВ



В ПАРАДНОМ СТРОЮ



ПРАЗДНИК ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ ЯВЛЯЕТСЯ САМЫМ СВЯЩЕННЫМ И ЗНАЧИМЫМ ВО МНОГИХ СТРАНАХ БЫВШЕГО СОВЕТСКОГО СОЮЗА. В ЭТОТ ДЕНЬ ЛЮДИ ВСПОМИНАЮТ ПОДВИГ МИЛЛИОНОВ СВОИХ ПРЕДКОВ, ПАВШИХ НА ПОЛЯХ СРАЖЕНИЙ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ. ЭТИ ЛЮДИ, ОТДАВШИЕ ЖИЗНЬ ЗА РОДИНУ, ПОДАРИЛИ НАМ МИРНОЕ НЕБО СЕГОДНЯ.

В этом году мы будем отмечать 80 лет великой Победе над фашизмом. В мае по всей стране запланировано множество торжественных мероприятий, главным из которых станет проведение военного парада, запланированного на 7 мая в День защитника Отечества.

Военнослужащие нашей страны продолжают активную подготовку к

предстоящему параду. В этом году по площади пройдут 24 парадных расчета (более четырех тысяч участников), в которых гордо прошагают 200 женщин-военнослужащих. Механизированные колонны будут состоять более чем из 300 единиц боевой и специальной техники, включая исторические образцы. В воздушной части парада будут задействованы 66 летательных

аппаратов различных типов.

Основу парадных расчетов составят Сухопутные войска ВС РК. Торжественным маршем также пройдут представители Службы государственной охраны, Национальной гвардии МВД, Пограничной службы КНБ, Министерства по чрезвычайным ситуациям.

Участники парада уже прибыли в столицу, где на базе одной из воинских частей проводятся интенсивные тренировки с их участием. На территории части развернут палаточный лагерь для военнослужащих, а также пункты подготовки техники и вооружения.





Палаточный городок рассчитан на проживание пяти тысяч человек. На его базе развернуто 11 пунктов хозяйственного довольствия, 12 палаток для бытового обслуживания, семь полевых банных комплексов, полевой госпиталь, автопарк и ремонтно-восстановительные пункты для техники.

От улана до офицера

Особым украшением парада станет торжественное шествие моряков Военно-морских сил в их ослепительно белой парадной форме, которую дополнят кортиками. В главном параде года примут участие около 150 моряков, представляющих различные подразделения Актауского гарнизона: около 30 военнослужащих личного состава дивизиона разнородных кораблей, 40 морских пехотинцев десантно-штурмового батальона, 25 бойцов Службы гидрографического обеспечения и 30 военнослужащих Управления военно-морской базы. Возглавит парадный расчет Главнокомандующий Военно-морскими силами ВС РК генерал-майор Серик Бурамбаев.

В сводном парадном расчете Военно-морских сил гордо прошагает, причем уже во второй раз, заместитель начальника Службы гидрографического обеспечения ВМС ВС РК капитан 3 ранга Талгат Сейсенов.

Его дедушка по материнской линии Муслим Бубекулов сражался на полях Великой Отечественной войны в составе легендарной 316-стрелковой дивизии под командованием генерала И. Панфилова, которая обороняла Москву осенью 1941 года. В семейном архиве

нашего героя сохранился китель его дедушки с орденами и наградами, а также переписка с его фронтовым другом известным казахским писателем и ученым Маликом Габдуллиним.

- Думаю, что служить в армии – это мое предназначение. Связать свою судьбу с Вооруженными Силами - значит связать ее со священным долгом, защитой Родины и ее народа, - признается Талгат Сейсенов.

Военную службу он начал в 2007 году, поступив в республиканскую школу «Жас улан». По окончании школы с золотой медалью поступил в Военно-морскую академию в Стамбуле (Турция).

Службу в Вооруженных Силах Казахстана начал в 2017 году с должности командира группы штурманской боевой части на ракетно-артиллерийском корабле «Казахстан». Служил командиром боевой части на гидрографическом судне «Жайык» дивизиона надводных разнородных кораблей, командиром штурманской боевой части, помощником командира ракетно-артиллерийского корабля «Орал».

В марте 2021 года был назначен на должность

начальника отделения Службы гидрографического обеспечения. В сентябре прошлого года стал заместителем начальника Службы.

Служба гидрографического обеспечения предназначена для навигационно-гидрографического обеспечения морских путей в казахстанском секторе Каспийского моря в соответствии с современными требованиями Международной морской организации. В своей деятельности Служба выполняет различные функции, в числе которых выполнение гидрографических, геофизических и морских исследований и создание на их основе картографических и описательных материалов, установление запретных и временно опасных для плавания районов, своевременное информирование мореплавателей об изменениях в навигационной обстановке, снабжение кораблей Военно-морских сил морскими картами, руководствами и пособиями для плавания.

Специалисты Службы координируют работу

маячных служб. Всего на территории казахстанского сектора Каспийского моря имеется пять маяков. Так, на маяке «Кызыл-Озен» персонал следит за тем, чтобы маяк работал непрерывно и в рамках заданных параметров.

В этом году наш герой во второй раз примет участие в военном параде. Первый раз пришелся на годы его учебы в школе «Жас улан» и был приурочен ко Дню Конституции в 2011 году. Тогда по главной площади страны «Қазақ Елі» торжественным маршем прошли свыше 2200 солдат, офицеров и курсантов высших военных учебных заведений, проехало 250 единиц военной техники.

Парад открывал сводный расчет барабанщиков, состоящий из курсантов-отличников школы «Жас улан». В рядах этой роты гордо шагал и наш герой. Парадная «коробка» барабанщиков следовала сразу за машиной министра обороны.

В преддверии парада уланы усердно занимались на протяжении 1,5-2 месяцев. Занятия проходили, как в составе парада, так и отдельно на территории школы. В ходе тренировок они отрабатывали навыки четкого шага и игры на барабанах.





- Подготовка к параду шла долго, как нам всем казалось. Однако в день проведения мероприятия мы были готовы, желая продемонстрировать во всей красе себя и свою школу, тем более, что мы открывали парад. Этим фактом мы очень гордились. Не каждому военнослужащему выпадает возможность прошагать в торжественном параде перед Верховным Главнокомандующим, ветеранами войны, родителями и всем народом. Шагая в строю, чувствуешь, как тебя переполняют эмоции, - вспоминает Талгат Сейсенов.

В тот день на трибунах за молодым уланом наблюдали родители, а у экранов телевизоров за парадом пристально следили его родственники. Все они гордились им, особенно когда диктор объявил имена наиболее отличившихся воспитанников, среди которых прозвучало имя Талгата Сейсенова.

Спустя 14 лет наш герой примет участие в главном параде уже в ранге офицера. Для того, чтобы военнослужащие, собранные из разных частей, привыкли друг к другу, проводятся

ежедневные строевые тренировки. Они помогают почувствовать дистанцию и интервал в парадном строю.

Тренировки парадного расчета, в котором задействованы военнослужащие всех видов Вооруженных Сил, а также Сил специальных операций, военной полиции, воспитанники школы «Жас улан», исторический парадный расчет, начинаются в 9:00 утра и длятся до вечера. Особый акцент делается на равнение в шеренгах, колоннах и по диагонали. Руководители тренировок также обращают внимание на правильный поворот головы во время прохождения парадных расчетов перед трибунами, на четкий и ровный шаг.

Проведение парада имеет большое значение для страны и ее граждан. В День защитника Отечества участники парада гордо прошагают по площади в память о наших предках, победивших фашизм 80 лет назад. Кроме того, парад 7 мая станет свидетельством военной мощи и потенциала армии независимого Казахстана.

Продолжатели традиций прославленной бригады

Одним из участников военного парада станет командир 1-го тяжело-гаубичного артиллерийского дивизиона 54-й Кишиневской

ордена Богдана Хмельницкого гвардейской артиллерийской бригады майор Дамир Избасов.

Его прадед Избас Орынбаев героически сражался с врагом в годы Великой Отечественной войны. Вдохновившись его





примером, Дамир Избасов с ранних лет мечтал стать военным офицером.

Обучаться военному делу наш герой начал в 2009 году, поступив в военную школу-интернат имени Героя Советского Союза Сабыра Рахимова (г. Шымкент). Именно там он в первый раз надел военную форму и решил с ней никогда не расставаться. В 2011 году он поступил в Военный институт Сухопутных войск.

Военную карьеру начал с должности командира взвода в пгт. Гвардейском. За это время успел послужить на всех должностях: от командира взвода до командира дивизиона.

- Артиллерия – это настоящее военное искусство, требующее от военнослужащего профессиональных знаний и терпения. На личном примере могу сказать, что мы перенимали весь опыт наших отцов-командиров в годы обучения в институте. Сегодня весь этот накопленный опыт мы применяем в боевой подготовке молодых солдат, - отмечает Дамир Избасов.

Наш герой проходит службу в одной из самых прославленных и именитых бригад. Продолжая гвардейские традиции, часть остается одной из лучших и надежных в Сухопутных войсках Регионального командования «Юг». Это единственная гвардейская бригада в Рaketных войсках и артиллерии Республики Казахстан.

- Сегодня наша бригада гордо носит звание гвардейской. На базе бригады имеются документы, в которых записаны имена всех артиллеристов, участвующих в войне, а также имена всех командиров полка (бригады). Более того, в нашем распоряжении имеется книга

под названием «Воспоминания о 171-ом гвардейском артиллерийском полку. 1941-2007», повествующая об истории бригады и ее боевых подвигах. Все это, безусловно, накладывает на военнослужащих бригады дополнительную ответственность, которую несут и молодые солдаты. Для того, чтобы они прониклись особыми чувствами к своему месту службы, на торжественной присяге новобранцы получают в подарок гвардейские значки, - рассказывает Дамир Избасов.

Около ста военнослужащих 54-й артиллерийской бригады, в том числе и наш герой, были направлены в столицу для подготовки к военному параду. Для майора Дамира Избасова это будет уже второе участие в параде, но первое в торжественной обстановке.

7 мая 2018 года он принимал участие в боевом параде, который проходил на 40-й военной базе «Отар» с участием Верховного Главнокомандующего Вооруженными Силами. На том параде он был командиром салютной батареи.

После того, как стало известно, что его дивизион пройдет торжественным

маршем, началась активная подготовка и отбор военнослужащих. К слову, к участию в параде были отобраны самые лучшие кадры с ростом не ниже 175 см.

Для подготовки парадного расчета был создан специальный план, который включал расписание занятий по боевой подготовке, а также тренировки парадного расчета. В ходе занятий проводилась одиночная подготовка, позволяющая командирам оценить строевые движения солдата с оружием и без него.

Особое внимание уделялось подготовке техники. Специалисты во главе с главным техником дивизиона отбирали и готовили военную технику к предстоящему параду, после чего специальным эшелоном ее доставили в столицу. Для участия в параде артиллеристы привезли четыре боевые машины реактивной системы залпового огня «Прима» на базе Урал-4320, четыре боевых КамАЗа (тягачи) и три 152-мм гаубицы 2А65.

В парадном расчете майор Дамир Избасов будет направляющим так называемой «исторической

коробки», в которой пройдут военнослужащие в форме времен Великой Отечественной войны. Дополняют их образ пистолеты-пулеметы Шпагина (40 человек) и пулеметы «Максим» калибра 7,62 см (40 человек). Возглавит «коробку» командующий войсками Регионального командования «Юг» Ержан Ибраев.

В ходе подготовки парадных расчетов командиры обращают внимание на детали. Большой акцент делается на равнение в шеренгах и колоннах. Результат закрепляется прохождением «коробки» торжественным маршем.

- Предстоящий парад имеет большое значение для нашей страны. Он продемонстрирует всему миру силу и мощь Вооруженных Сил Казахстана. Прохождение по площади «исторической коробки» в очередной раз напомнит всем нам о великих подвигах нашего народа, о которых мы никогда не должны забывать, ведь они отдали жизни за наше мирное небо сегодня, - говорит майор Дамир Избасов.

Нариман ДЮСЕНОВ





ОТАНШЫЛДЫҚТЫ ОЯТАТАТЫН, РУХТЫ АСҚАҚТАТАТЫН КҮН



**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
– ЕЛІМІЗ ҚАРУЛЫ
КҮШТЕРІНІҢ ЖОҒАРҒЫ
БАС ҚОЛБАСШЫСЫ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ
ТОҚАЕВ ҰЛЫ ЖЕҢІС
КҮНІНІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ
КЕҢ АУҚЫМДА
АТАП ӨТІЛЕТІНІН
ЖАРИЯЛАНҒАННАН
БАСТАП, ЕКІНШІ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС
ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ
ТАБАНДЫЛЫҒЫ
МЕН БАТЫЛДЫҒЫН
АЙШЫҚТАЙТЫН
МАЗМҰНДЫ ІС-ШАРАЛАР
«ШЫҒЫС» Өңірлік
ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНДА
ДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ.**

Қолбасшылыққа қарасты барлық әскери бөлімдердің штабтарында, казармалық үй-жайларында, мәдени-тынығу орталықтарында, ақпараттық-ағарту жұмыстары бөлмелерінде әскери-мемуарлық және көркем әдебиет, фотокөрмелер ұйымдастырылды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында жеңіске қол жеткізудегі Қазақстанның тарихи рөлі мен үлесі, Қазақстан жерінде жасақталған әскери құрамалар жайында жалпы білім беретін орта мектептерде лекциялар оқылды. Сан алуан тақырыпта батылдық пен ержүректілікке шақыратын Ерлік сабақтары өткізілді. Ар мен ұяттың символы ретінде шынайы

патриотизмнің үлгісін танытқан қазақстандық жауынгерлердің есімі мен ерлігі жазылған әскери-патриоттық «Естелік партасы» акциясы, дөңгелек үстелдер, Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерімен кездесулер, дәрістер, бейнеконференциялар мен конференциялар болды. Тәрбие жұмысының сағаттарында әр облыстан майданға аттанған батырларға арналып тақырыптық кештер де қолға алынды. Әскерилер жылдағы дәстүрмен Ұлы Отан соғысына қатысқандардың және интернационалист-жауынгерлердің ескерткіштерін, обелисктерін мен қорымдарын абаттандыруға белсене қатысты. Мысалы, Абай гарнизонындағы әскери бөлім

өкілдері Семей қаласының шетіндегі бауырластар зиратына барды. Бауырлас батырлар рухына бас иіп, гүл шоқтарын қойды. Бұл жерде 1941-1945 жылдары Семейдегі №3593 әскери госпиталінде қайтыс болған Ұлы Отан соғысының 48 жауынгері жатыр. Белгісіз сарбаздың бейіті де осында.

Оңтүстік-Батыс майдан штабының арнайы тапсырмасымен Украина, Молдавия, Чехословакия, Румыния жерінде неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресіп, партизан қозғалыстары мен жау тылындағы жүздеген жорықтарды басынан өткерген Қасым Қайсеновтың туған күні әскери бөлімдерде атап өтілді. Әуеге 300 мәрте көтеріліп, жау басып



алған аумаққа ұшып барған штурман, гвардия лейтенанты Хиуаз Доспанова мен Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың туған күндеріне арналған тақырыптық кештер

мамыр айына белгіленген. Соғыс ардагерлері мен мүгедектеріне күнделікті көмек көрсете отырып, «Ардағым – ардагерім» акциясын өткізу, мереке қарсаңында көзі тірі қалған қарт жауынгерлерді құттықтап бару, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құрметіне орай Даңқ

аллеяларына гүл шоқтарын қоюдың салтанатты рәсімі, әскери қызметшілердің балалары арасында «Отан – отбасынан басталады» шығармашылық байқауларын ұйымдастыру да мамыр айының еншісінде.

Осы тұста айта кетейік, бүгінгі күні Семей қаласында екі-ақ ардагер қалды. Сталинград түбіндегі шайқаста жаяу әскердің алдыңғы шебіндегі артиллериялық құрамда снарядтарды тасушы, кейін оқтаушы болып, танкіге қарсы 76 миллиметрлік зеңбіректерден атыс жүргізген, Харьковті азат етуге, 1-ші Украина, 3-ші Белорусь, Балтық жағалауы майдандарында жауынгерлік қимылдарға, Польшадағы ұрысқа және Инстербург пен Кенигсбергті алуға қатысқан отставкадағы подполковник Әбдіғали Қаймолдин – 103

жаста. Ал, Польша мен Чехословакияны азат етуге қатысып, майдан даласындағы ерліктері үшін «II дәрежелі Отан соғысы» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Адал еңбегі үшін» медалімен марапатталған Иван Шевцов үш ай бұрын 99-ға толды.

Әскери парадқа қатысу – үлкен мәртебе

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери шеруге «Шығыс» өңірлік қолбасшылығынан қатысатын жеке құрамның дайындығын ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев жыл басында арнайы келіп тексерген.

«Біз әскери шеруге дайындықты өткен жылдың желтоқсан айында бастап кеткеніміз баршаңызға мәлім.






Шеруге даярлықтың кезеңдерінің бірі – есептоптардың бастапқы әзірлігі жөніндегі бақылау жүргізу және командирлерге көмек көрсету. Ол дегеніміз – жеке құрамды іріктеу, орналастыру және саптық дайындық бойынша жеке әзірлігі. Бұл жерде дене дайындығымен де айналысу керек. Қатысушылар әбден іріктелгеннен соң, жеке құрам 30 наурыз күні Астана қаласында жинақталып, толық даярлық басталып кетеді. Өскемен гарнизонында бір күн жұмыс істеп, сарбаздармен сұхбаттасып, дене шынықтыру жағдайы мен саптық даярлықтарын көрдік. Әскери шеруге баратын әскери қару-жарақ, әскери көлік жүргізушілердің дайындығы да тексерілді. Жалпы жаман емес, дайындықтары жалғасуда.

Әскери парад соңғы рет осыдан сегіз жыл бұрын өтті. Биыл шамамен 3 500-тен астам әскери

қызметші қатысады. Әскери әйелдердің бір бөлігі қазіргі заманғы жаңа киіммен, екіншісі тарихи бөлігінде соғыс жылдарындағы батыр қыздар бейнесінде сап түзеп шығады. Мемлекеттік маңызы зор шараның жаңалығы өте көп. Мәселен, тарихи бөлімде Қазақстан аумағында жасақталған 20 дивизия көрсетіледі. Арнайы операциялар күштері секілді жаңа құрылымдар, жаңа бірлестіктер әскери шеруде алғаш рет көрінеді. Модернизацияланған жаңа үлгідегі техника, жаңа ұшқышсыз ұшу аппараттары, жаңа ұшақтар да тұңғыш рет ел назарына ұсынылады» деген болатын өз сұхбатында генерал-майор Мереке Көшекбаев.

Тарихи маңызды оқиғаның құрметіне өткізілетін әскери парадқа «Шығыс» өңірлік қолбасшылығынан 500-ден астам адам жіберілді. Жеке құрамнан



бөлек, қолбасшылықтың жауынгерлік және арнайы техникасы да сап түзеп өтеді. Қатысушылардың пікірінше, жауынгерлік парад бүкіл әлемге Отан қорғауды қасиетті борыш санаған қазақ халқының бойындағы батырлық мінезін, мықты рухын, биік намысын танытады. Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік қабілеттілігінің деңгейіне қарай құрметі артады. Жеке құрамға да мотивациялық тұрғыдан ықпал етіп, жеке жауынгерлік әзірлік тәжірибесі жинақталады.

Алуа ИСКАКОВА
Суреттерді түсірген автор

Қатардағы Перизат ҚУАНДЫҚОВА, Семей қаласы әскери госпиталь құпия емес іс жүргізу бөлімінің аға маманы (жауапты орындаушысы): «Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа алғаш рет қатысуға өз еркіммен өтініш білдірдім. Мемлекеттік деңгейдегі ауқымды шара әскери қызметке енді келіп жатқан біз сияқты жас әскерилерге мотивация, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа рух береді. Жігерлендіреді. Біз әрқашан егемен елімізді қорғап, тәуелсіздігімізді сақтау жолында соңғы деміміз қалғанша қызмет етуге дайынбыз».

Қатардағы Бекболат ҒАЙЫП, 28738 әскери бөлімі 2-ші артиллериялық дивизионы 4-ші батарея есептоп нөмірі: «Қарулы Күштеріміздің сапында әскери борышымды өтеп жүргеніме алты айдай уақыт болды. Маған Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа қатысу мәртебесі бұйырды. Өз басым екінші дүниежүзілік соғыстан оралмаған атамның рухына бағыштаймын. Айбынды армиямыздың қуатын көрсету – әрбір әскери қызметшінің міндеті деп санаймын».

Қатардағы Асанәлі РАХЫМБАЙ: «Абай гарнизонындағы әскери қалашықта әскери шеруге қатысатын мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің дайындығы қызу жүргізілді. Таңғы ұйқыдан тұрғаннан кейін казарма үй-жайында бас қимылдары, түзеу сызықтары, аяқты көтеру, «түзел», «тік тұр» пәрмендерін орындау арқылы әзірлік болды. Түстен кейін үлкен алаңға шығып, саптық түзулікті сақтау, саппен жүру, саппен жүріп келе жатып пәрмен орындау секілді жаттығуларды күн сайын тыңғылықты пысықтадық. Енді міне, Астанадағы далалық лагерьге еліміздің түкпір-түкпіріндегі әскери құрамалардан келген парадқа қатысушы барлық бөлімшелермен біріккен күйде қарқынды жаттығуларға кірісіп кеттік».





ВСПОМНИМ ПАВШИХ ПОИМЕННО



НЫНЕШНИЙ ГОД ДЛЯ НАС ОСОБЕННЫЙ, ЮБИЛЕЙНЫЙ ГОД. ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ОТМЕТИЛ: «ЧЕСТВОВАНИЕ 80-ЛЕТИЯ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ ЗАЙМЕТ ВИДНОЕ МЕСТО В ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОВЕСТКЕ НЫНЕШНЕГО ГОДА. КАЗАХСТАНЦЫ ВНЕСЛИ ЗНАЧИТЕЛЬНУЮ ЛЕПТУ В РАЗГРОМ НАЦИЗМА. НАШИ ОТЦЫ И ДЕДЫ ГЕРОИЧЕСКИ ВОЕВАЛИ НА ВСЕХ ФРОНТАХ, КАЗАХСТАН К ТОМУ ЖЕ СТАЛ НАДЕЖНЫМ ТЫЛОМ, СЫГРАЛ ВАЖНУЮ РОЛЬ В СНАБЖЕНИИ АРМИИ ВООРУЖЕНИЕМ, ПРОМЫШЛЕННЫМИ ТОВАРАМИ И ПРОДОВОЛЬСТВИЕМ. ПОДВИГИ ГЕРОЕВ ТОЙ ВОЙНЫ ЯВЛЯЮТСЯ ПРИМЕРОМ ДЛЯ НЫНЕШНЕГО И БУДУЩИХ ПОКОЛЕНИЙ ЗАЩИТНИКОВ ОТЕЧЕСТВА. В ГЕРОИЧЕСКУЮ ЛЕТОПИСЬ НАШЕЙ СТРАНЫ ЗОЛОТЫМИ БУКВАМИ ВПИСАНЫ ИМЕНА МНОГИХ НАШИХ ВОИНОВ. КАЗАХСТАН ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНО РАБОТАЕТ НАД СОХРАНЕНИЕМ ПАМЯТИ О СООТЕЧЕСТВЕННИКАХ, СОВЕРШИВШИХ РАТНЫЕ И ТРУДОВЫЕ ПОДВИГИ В ГОДЫ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ, А ПРИБЛИЖАЮЩЕЕСЯ 80-ЛЕТИЕ ПОБЕДЫ ПРИДАСТ НОВЫЙ ИМПУЛЬС ИССЛЕДОВАНИЯМ В ЭТОЙ СФЕРЕ».

В этой связи можно отметить деятельность общественного объединения «Atamnyn Amanaty», которое с 2019 года занимается установлением мест захоронений казахстанских солдат, погибших и пропавших без вести во время войны (их более 271 тысячи).

За этот период поступило более 10 тысяч заявок на поиск через сайт «Atamnyn Amanaty». Установлены места захоронения и личности свыше четырех тысяч казахстанских солдат. Останки 19 найденных солдат были доставлены на Родину и захоронены с воинскими почестями.

Следует особо подчеркнуть одно из основных направлений деятельности «Atamnyn Amanaty» - международное сотрудничество, где было подписано более 100 соглашений, которые успешно реализуются.

Совместно с Министерством иностранных дел Республики Казахстан собрана база данных казахстанских воинов, захороненных не только в странах СНГ, но и на территории Европы. В данном списке порядка 28 тысяч человек. В настоящее время идет активная работа по обратному поиску их близких и

родственников в Казахстане.

ОО «Atamnyn Amanaty» ежегодно проводит международную конференцию на тему: «Ортақ тарих. Ортақ жеңіс. Ортақ көзқарас». Данная конференция уже стала диалоговой площадкой для взаимодействия неправительственных организаций и поисковых движений стран СНГ.

Цель форума - обсуждение особенностей организации архивной и полевых поисковых работ на территориях стран-участниц Второй мировой войны, формирование рекомендаций

по взаимодействию поисковых отрядов при передаче найденных останков солдат на Родину и совместной работе по увековечиванию их памяти.

Мы являемся основными партнерами «Поискового движения России» и «Волонтеры Победы». Сводный поисковый отряд «Atamnyn Amanaty» ежегодно принимает участие в работе международной военно-исторической экспедиции «Западный фронт. Варшавское шоссе» на территории Калужской области РФ. В составе отряда принимают участие преподаватели и



курсанты Военно-технических школ МО РК.

В ходе военно-исторической экспедиции была установлена доска памяти воинам 387-й стрелковой дивизии, сформированной в Ақмолинске в августе 1941 года. Первый бой она приняла 27 декабря 1941 года под селом Троицкое Ульяновского района. В течение 1942 года вела оборонительные и наступательные бои, прикрывая калужское и тульское направления. Летом 1942 года попала в окружение и фактически была

разгромлена. На момент выхода из окружения 15 августа 1942 года в дивизии насчитывалось всего 800 человек из 12 тысяч. По данным губернатора, на территории Калужской области сражались пять казахстанских дивизий, и мы с местной администрацией договорились продолжить полевые работы.

Общественное объединение организовало работу по вовлечению молодежи в военно-патриотическое воспитание. Данная работа осуществляется через проведение системы патриотических мероприятий,

таких как «круглые столы», конференции, общегородские викторины, спортивные соревнования, забеги, квесты и игры, посвященные истории Второй мировой войны. За все это время данными мероприятиями было охвачено более двух миллионов молодых людей с широким освещением в СМИ и социальных сетях.

С большинством колледжей города Астаны (их всего 33) подписаны меморандумы о сотрудничестве. В рамках

нашей акции «Аталар аманатына адалмыз» каждый колледж проводил свою исследовательскую работу по изучению истории соединений и частей, сформированных в Казахстане.

19 августа 2023 года в столичном Триатлон парке мы впервые провели забег (с тех пор он стал ежегодным) в честь 101-й годовщины со дня рождения летчика-штурмовика дважды Героя Советского Союза генерал-



майора авиации Талгата Бегельдинова. В нем приняли участие более тысячи человек. Среди них военнослужащие Ақмолинского гарнизона МО, Пограничной службы, Национальной гвардии, ветераны Вооруженных Сил, профессиональные спортсмены и любители спорта.

Данный забег получил широкую поддержку общественности: его поддержала казахская молодежь, работающая за пределами страны, а также казахстанский поисковый отряд, который на тот момент находился в международной экспедиции в Калужской области РФ, курсанты военно-технических школ МО РК и многие другие.

Каждое мероприятие мы тщательно продумываем, адаптируем под интересы



подрастающего поколения. Еще учитываем, что лучшее воспитание – это личный пример. Поэтому приглашаем ветеранов Вооруженных Сил, которые наравне с молодежью бегают марафонскую дистанцию, играют в волейбол и др.

К примеру, с 6 по 17 ноября 2023 года среди колледжей Астаны провели турнир по волейболу в честь Героя Советского Союза, Халық қаһарманы, генерала армии С. Нурмагамбетова. Это стартовое в Казахстане мероприятие, посвященное столетнему юбилею первого министра обороны Казахстана. Его особенность заключалась в том, что каждая команда-участница выступала под именем одного из прославленных казахстанцев, получивших в годы Великой Отечественной войны звание Героя Советского Союза. Таким образом мы постарались приобщить ребят к героическому прошлому нашего народа.

Пользуясь случаем, хотим особо подчеркнуть бескорыстный труд наших волонтеров и поисковиков. Не жалея сил и времени, они занимаются раскопками на полях сражений, поиском через архивы и различные форумы. Награда за их труд – это слова благодарности и слезы

радости прямых потомков, родственников тех солдат, которые вернулись на Родину спустя пусть и 80 лет!

Постановлением



Правительства РК утвержден республиканский План мероприятий по празднованию 80-летия Победы в Великой Отечественной войне. В этом году в масштабе страны будут отмечаться 115-летие Бауыржана Момышулы, 110-летие Малика Габдуллина и 100-летие Алии Молдагуловой.

ОО «Atamnyn Amanaty» разработало собственный план работы нацеленный на дальнейшую перспективу и готово активно включиться в реализацию вышеперечисленных мероприятий, тем самым внести свой вклад в общее дело.

Вот некоторые наши

проекты, которые получили поддержку со стороны депутатского корпуса и в настоящее время проходят согласования в государственных органах:

1. Создание электронной базы данных о солдатах и офицерах, призванных из Казахстана и участвовавших во Второй мировой войне. Национальная платформа с достоверной информацией сохранит их имена для потомков и обеспечит признание их вклада.

2. Международная военно-историческая экспедиция «Западный Казахстан – прифронтовая

В Бокейординском районе насчитывается 40-50 братских могил, которые требуют исследования и увековечивания.

3. Изучение истории эвакуационных госпиталей на территории Казахстана в годы войны, установление мест госпитальных захоронений, их благоустройство и установка памятных плит и табличек. За годы войны в Казахстане лечились порядка 150 000 раненых, многие из которых погибли и были похоронены на местных кладбищах.

4. Поиск казахстанских солдат, погибших в Европе. По имеющимся данным более 2,2

млн красноармейцев, включая казахстанцев, захоронены как неизвестные. Проект позволит восстановить имена и укрепит международное признание вклада Казахстана.

Миссия «Atamnyn Amanaty» остается неизменной – это содействие государству в сохранении исторической памяти через преемственность поколений путем духовно-нравственного и военно-патриотического воспитания молодежи.

Мурат МОЛДАГАЛИЕВ,
председатель правления
ОО «Atamnyn Amanaty»





ПАРТИЗАН

Қасым Қайсенов! Өмірі өзгелерге ұқсамайтын бұл ғажайып адамның аты-жөнін біз алғаш рет 1963 жылы жарық көрген «Ажал аузынан...» кітабынан оқып білдік. Суретімен тұңғыш рет ғалым Е.Бекмахановтың 1965 жылы мектеп оқушыларына арнап жазған «Қазақ ССР тарихы» оқулығынан таныс болдық. Ал өзін... иә, өзін Алматыға абитуриент боп келген 1969 жылы Баспочтамт маңындағы аллеядан көрдік. Сәлем беріп, әңгімелесуіміз республикалық жастар газетіне жұмысқа орналасқан 1974 жылдан басталды. Содан 1998 жылы Астанаға қоныс аударғанымызға дейін ағамызбен ылғи болмаса да редакция тапсырмасымен ара-тұра жүздесіп жүрдік. Соның нәтижесінде екі мақала өмірге келген-тің. Оның біріншісі қаламгер Қасым Қайсенов шығармаларын талдауға арналса, одан кейінгісі аты аңызға айналған аға ерлігінің лайықты бағаланбағандығы туралы ел зиялыларының сол кездегі республика, одақ басшылары Н.Беляев, Н.Хрущев және М.Горбачевке жазған хаттарына шолу еді. Ал төмендегі мақала құрметті оқырман, бұл Қасекеңмен 1974-1998 жылдар аралығындағы әңгімелердің қойын дәптердегі қалған үзік-үзік бөліктері.



Ж.А.: – Аға! Өзіңізбен кездесуге келер әр жолы мен сіздің жазған деректі шығармаларыңызды бір шолып шығамын. Сондағы байқалатын бір нәрсе – бұл кітаптарыңызда соғыс кезіндегі өміріңіз мол қамтылады да оған дейінгі туған жер, өскен орта, жастық шағыңыз туралы онша көп ештеңе айтылмайды. Неге?

Қ.Қ.: – Керек болса, қажет деп тапсаң айтайын, қарағым. Мен Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы Асубұлақ ауылында дүниеге келдім. Бұл өзі – сұлу табиғат аясындағы көркі көз тойдыратын шағын елдімекен. Сол жерде тұңғыш рет мектеп есігін ашып, орталау білім алған

соң Өскемендегі саяси-ағарту техникумына оқуға түстім. Оны бітіргеннен кейін облыстық халық ағарту бөлімінде инспектор болып жұмыс істедім. Өстіп жүргенде 1939 жылы армия қатарына шақырылмасым бар ма?..

Ж.А.: – Бұл әскери-барлау мектебіне баратын кезіңіз ғой шамасы...

Қ.Қ.: – Иә.

Ж.А.: – Оған қалай түсіп жүрсіз? Білетіндер аталмыш оқу орнына басқа ұлттың өкілдерін қабылдамайтын еді дейді ғой.

Қ.Қ.: – Ол рас. Оған мен денсаулығымның мықтылығы мен күш-қуатымның молдығы, жүйкемнің төзімділігі мен есте сақтау қабілетімнің

ерекшелігі арқасында ғана өттім. Мәскеу іргесіндегі әскери бөлімшеде қызмет етіп жүр едім, комиссияға шақырды. Содан олар басымнан бақайшағыма дейін ал кеп тексерсін дейсің. Сынақтың қиындығы сонша, оған іріктеп әкелген 350 жауынгерден көп ұзамай бар-жоғы 52-ақ адам қалдық. Бұлардың арасында мұсылман баласы дегеннен жалғыз мен ғана бармын. Басқа ешкім жоқ. Қойшы, содан не керек... Өткелектен өткізіп жүріп, алатын оқуына алды ғой ақыры. Қайталап айтамын, қарағым, сарапшылар бұл құпия оқу орнына мені қабылдайын деп қабылдаған жоқ. Оған мен өзімнің дене бітімімнің ерекшелігімен, буырқанған бұла күшіммен, сондай-ақ, табандылық,



көнбістік, төзімділік сияқты қасиеттеріммен өттім.

Ж.А.: – Бұл мектепті қашан бітірдіңіз?

Қ.Қ.: – 1941 жылы жазға салым. Оқуымыздың аяқталуы соғыстың басталуымен тұспа-тұс келді ғой.

Ж.А.: – Соғыста сіз барлаушы-десантшы болдыңыз. Диверсиялық топтың жетекшісі – партизандық өмір жолынан өттіңіз. Сонда майданның арғы бетіндегі сапарға қалай әзірленуші едіңіздер? Самолет ішіндегі көңіл-күй, люктен парашютпен секірудегі қам-қарекет, бұрын көрмеген, білмеген жерге әуеден түсіп келе жатқандағы ішкі психологиялық арпалыс туралы қазір не айта аласыз?

Қ.Қ.: – Жау тылына түсу дегенің – нағыз азап. Ол жаққа аттану тек түн ішінде ғана жүргізілетін. Жабық машинамен аэродромға келер едік. Сол жерде бізді «Дуглас» самолетінің ішіне кіргізіп, қарама-қарсы отыруға бұйрық беретін. Арқамыздағы парашют рюкзакына жіп өткізіп, оның ілгегін төбедегі жылжымалы роликке бекітіп қоятыны да есімде. Жасыратын несі бар, майдан шебінен өтердегі оқ шымылдығынан абыржымасын, самолет люгінен секіруде батыл болсын дей ме екен, 200 грамнан арақ та беріп қоюшы еді. Белгілі межеге жеткенде есік ашылатын да біріміздің артымыздан біріміз 5 мың метрлік қап-қара тұңғыыққа қарай қарғитынбыз. Тәртіп бойынша алғашқы 1 мың метр кеңістіктен атқан оқша ағып өтуің керек. Сол сәттегі азапты айтпа... Бұл кезде басың төмен тартып кетеді де дененді бағындыра алмай, қатты әуре-сарсаңға түсесің. Көзіңнен жас парлап, жүрегің аузыңнан шығып кетердей қиын күй кешесің. Өстіп жанталаса

құлдилап келе жатқанда парашют ашылады-ау ақыры. «Уһ» дейсің іштей. Сөйтесің де жан-жағыңа қарап, серіктеріңді іздейсің. Асты-үстінде бір-бір ақ күмбезге ілініп, олар да келе жатады иманы қасым боп. Осыдан кейін орманға аман-есен түсудің қам-қарекетіне кірісе бастаймыз. Бұл жерде көп нәрсе салмаққа тығыз байланысты. Десантшының алып келе жатқан жүгі өзінің денесінің салмағының жартысындай ғана болуы керек. Егер ол одан сәл артып кетсе, бітті, құрығаның деп есептей бер. Жерге түскеніңде аяғыңның жіліншігі қақ бөлініп сынады да қалады. Сондай-ақ, әуеден төмен қарай келе жатқанда жау ортасына түсіп қалмаймын ба деген күдік те мазаңды алумен болады. Сөз ретіне қарай айта кетейін, біздің жоғарыдағыдай сапарларымызда ондай жағдайлар да кездеспей қалған жоқ. Ал одан тірі қалу дегенің... Жә, бұл енді басқа әңгіме.

Ж.А.: – Басыңызды өлімге тіккен осындай қиын да қауіпті сапарға тұңғыш рет қашан аттандыңыз?

Қ.Қ.: – 41-дің қарашасында.

Ол кезде Оңтүстік батыс майданы штабының қарамағында едік. Сол жерде біздерден арнайы топ жасақталынды да бірден жау тылына түсірілдік. Алға қойылған мақсат Украинаның Полтава облысында партизан қозғалысын ұйымдастыру болды.

Ж.А.: – Ал соңғы тапсырма ше?

Қ.Қ.: – Оған 44-тің маусым айын айтуға болады. Ол жолы біз Венгриядағы Карпат тауына аттанып, күшті жау тосқауылына ұшырадық. Қиян-

кескі сол шайқаста 53 қаруласымыздың 46-ы қаза тапты да, тірі қалған жетеуіміз кейін 200 адамдық отряд құруға қол жеткізіп, о бастағы берілген тапсырманы ойдағыдай орындап шықтық.

Ж.А.: – 1941-1944 жылдардағы жау тылындағы жанкешті өмірлеріңіз өзіңіздің «Ажал аузынан...», «Илько Витряк», «Переяслав партизандары» кітаптарында молынан қамтылған. Біз оған тоқталмайық. Өйткені ол қайталау болып шығады. Ал сізден көзбе-көз отырып сұрайық дегеніміз... Өзіңізді Кеңес Одағының Батыры атағына лайық ерлік жасады деген Днепрдегі оқиға. Соны анықтап айтып берсеңіз. Ол қалай болып еді?

Қ.Қ.: – Айтайын. 1943 жылғы 17 қыркүйекте Чапаев атындағы партизан құрамасында ерекше бір қуанышты оқиға болды. Бұл күні біз «Үлкен жерден» аттанғаннан кейінгі 1 жыл 10 айдан соң барып өз әскерлеріміз – Р.М.Малиновский

басқарған 3-ші Украина майданының танкистерімен кездестік. Айтпақшы, соның алдында «Днепрдің оң жағына өтіп үлгерген жау Букрин плацдармын жасап алып, Қызыл Армияның шабуылдаушы бөлімдерін өзенге беттетпей жатыр» деген хабар естіген болатынбыз. Рас екен. Оны өзімізбен кездескен 5-ші танк бригадасы командирінің бізге берген тапсырмасынан анық білдік. Оның пайымдауынша, партизандар бұл өңірдің жер жағдайын жақсы біледі. Сондықтан олар қайткенде де Днепрдің арғы бетіне өтіп, қосымша күш жеткенше сол жердің бір пұшпағын ұстап тұра тұруы керек. «Оң жағалауға жетіп, көзге түскендерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілетін болады», - деді бригада командирі бізбен әңгімелесіп отырып. Сөйтті де: «Кімдер баратынын тезірек анықтаңыздар да, оларды жағалауға шұғыл аттандырыңыздар», - деді сөзін нықтап.

Мына бұйрықты естіген партизан құрамасының басшылығы өзара ақылдаса келіп, «бұл операцияны орындауға менің отрядым лайық» деген шешімге келді. Мұндайда мәселе былай: берілген тапсырма сөзбұйдаға салынбайды. Оған уәж де жүрмейді. Ол тек орындалады. Осы есіме түскен мен: «Жарайды», - дедім қысқа ғана.

Сөйттім де, отрядымды жинап алып, жағалауға қарай жүріп кеттім. Міне, Днепр... Оның арғы беті кеше ғана өзіміз талай жортқан Панитов орманы. Енді сол жаққа қайта өтпекпіз, қайта бармақпыз. Бұлай боларын білгенде... Өстіп ойланып жатқанда күн батып, кеш те түсе бастады. Қас қарая бере қара судағы күні бұрын байластыра әзірлеп қойған бөренелерді иықпен демей жылжытып, арғы бетке





өтуге әрекет ете бастадық. Осы кезде жау аспанға жарқырауық ракеталарын атып, өзеннің астан-кестеңін шығарды дейсің. Төңкерілген қайық... Оққа ұшқан жігіттер... Жанталасып жүріп қараймын, Днепрдің орта тұсынан асқан сияқтымыз. «Енді сәл шыдасақ...» деймін ішімнен. Бір мезетте бөренені ықтап келе жатқан біздерді су ағыны шырқобелек айналдырып, төмен қарай ала кеп жөнелмесі бар ма?! Сол екпінмен біраз ақтық. Ақыры өзенге сұғына еніп тұрған мүйіске кеп соғылдық та жан-дәрмен деп жағаға шықтық. Бекініс жасай бастағанымызда бізбен бірге өткен байланысшы солдат катушка сымын ағаш бұтағына іліп, өз тірлігімен өзі болып жатқан. Әлден уақытта ол: «Сізді телефонға шақырады», - деді еңтігіп. Мен наушникке ұмтылдым. «Жолдас, отряд командирі, - деді арғы жақтағы дауыс. – Сіздердің оң жағалауға жетіп, табан тірегендеріңізді байланысқа бірінші болып шыққандарыңыздан біліп отырмыз. Рахмет! Енді сол жерді ертеңгі сағат 12-ге дейін ұстап тұруға тырысыңыздар. Ерліктеріңіз жоғары наградамен...» Осы жерге келгенде телефон үзіліп кетті

де рация үнсіз қалды.

«Сағат 12-сі несі? - деймін күйініп. – Қосымша күшті арттарыңнан іле-шала жібереміз демеп пе еді кетерде. Қайда енді онысы?» Осы оймен Днепрге жабыға қарадым. Өзен беті әлемтапырақ. Жарқырауық ракеталар аспанға асылып алып, айналаны күндізгідей сәулелендіріп тұр. «Түсінікті, - дедім ішімнен. – Олар өте алмай жатыр». Жағдайды осылай деп шамалаған соң жолдастарыма енді өз күшімізге сенуден басқа амалдың қалмағанын айтып, жағалауға тиіп тұрған Григоровка селосын алуды бұйырдым. Өзіміз бұрыннан жақсы білетін бұл елдімекенді жаудан тез босаттық. Сөйттік те, сол жерге тістесіп жатып алдық. Содан таң атты. Атыс... Күн шығып, түс болды. Шабуыл... Бірақ арттан келетін күш әлі көрінбейді. Өстіп жатқанда дәл жанымнан бірдеңе гүрс ете түскені... Сол сол-ақ екен, не болғанын білмеймін, аспан жерге төңкеріле құлағандай боп, дүние көз алдымнан көшіп жүре берді. Ар жағы есімде жоқ. Бұлыңғыр, бұлдыр бірдеңе. Көзімді ашсам, дала госпиталінде жатыр екенмін. «Контузияға ұшырағансың», -

дейді санитарлар. Олар негізгі бөліммен бірге Григоровка селосына келіп кіргенде менің топырақ астынан шығып жатқан аяғымды көріп тауып алғанын айтты. Кейін білдім, бұлар бізге жіберілген қосымша күш емес, мүлде басқа құраманың жауынгерлері болып шықты. Сөйтіп, Днепрден бірінші боп өткендегі ерлігіміз аяқ астынан ұмыт қалды да атақ-даңқты басқалар алып кетті. Нақты құжат ұзақ уақыттан соң барып партизан штабының архивінен бір-ақ табылғаны бар. Бірақ ол кезде бәрі кеш еді.

Ж.А.: – Жау тылынан қашан шықтыңыз?

Қ.Қ.: – 1944 жылдың аяғында.

Ж.А.: – Содан елге бірден қайттыңыз ба? Жоқ әлде...

Қ.Қ.: – Қалай десем екен...

Бұл өзі былай болды. Жау тылынан шыққан соң мені оншақты адаммен бірге Киев қаласындағы Орталық партизандар қозғалысы штабына жіберді. Мұнда: «Партизандық соғыс осымен бітті. Сондықтан енді сендер жау тылына қайтып бармайсыңдар. Біразыңды армия қатарына аламыз да, ал кейбіреулеріңді азаматтық қызметке қалдырамыз», - дегенді айтты. Мен әскерге

ілінбей, сол «кейбіреулердің» қатарында қалып қойдым. Осыдан соң маған: «Соғысқа жібермесе мұнда енді не бар? Одан да елге қайтайын», - деген ой келді де оны штабтағыларға жасырмай айтып шықтым. Бірақ олар кесіп-пішіп ештеңе дей қоймады. Өстіп жүргенімде «С.А.Ковпак шақырып жатыр» деп естідім.

– Вася, - деді амандасып болғаннан кейін Сидор Артемьевич. – Сен еліңе қайтам деп жүр екенсің. Немене, біздің Украина ұнамай ма саған?

– Неге ұнамасын, ұнайды. Бірақ, енді жау тылына жібермесе, армияға алмаса мұнда не істеймін?

– Иә, оның рас. Ол жаққа енді ешкім жіберілмейді, - деді Сидор Артемьевич. – Себебі, біздің жеріміз фашистерден түгел азат етіліп, партизандар өз міндеттерін толық орындады. Ал армияға келсек... Онда барып не істейсің? Партизандық жорық күндерінде сен адам саны бригадаға тең отрядқа, мен көлемі дивизияға пара-пар құрамаға басшылық еттім. Енді олай болмайды. Біздер армияға алынсақ командир емес, тек қатардағы солдат қана болып барамыз. Өйткені, сен де, мен де академия, училище бітірген жоқпыз ғой. Бұл – бір. Екінші... Еліңе бардың дейік. Бұл жаққа ертерек кеткендіктен онда сені көп ешкім білмеуі, Украинадағы ерлігіңнен хабарсыз болуы мүмкін. Сонда табиғатыңда бар тентек, қияңқы мінезіңмен кімге сиясың? Еркелігіңді кім көтереді? Егер сол жерде қызметте жүріп, бір нәрсені бүлдіріп алсаң не болғаны? Сені кім біледі, кім ара түседі? - деп ол кісі екі қолының жуан да қысқа саусақтарынан керегекөз тор жасап, маған барлай қарады. Онысын мен түсіндім. «Мінез-құлқыңды жақсы білемін. Содырлық жасап сотталасың», - деп





отыр. Сидор Артемьевич жоғарыдағы сөзден кейін біраз үнсіз отырды да: «Сені біз жақсы көреміз, Вася. Көз алдымызда жүре тұр. Бейбіт өмірге бейімделіп, мамандық алғаннан кейін еліңе жақсылап шығарып салайық», - деді қамқор үнмен. Мен ештеңе деместен шығып кеттім.

Келесі күні штабқа келсем: «Сізді кадрлар бөлімінің бастығы, полковник Сперанский іздеп жатыр», - деді кезекші. Бардым. Полковниктің алдында басына көнетоз кепкі киген, үстінде күздік пальтосы бар бейтаныс қазақ отыр екен: «Мен Жұмағали Саин деген ағаң боламын, - деді ол кісі аман-саулықтан соң. – Ақынмын. Осында Ворошиловград облысында партизандар қатарында болып едім. Енді елге қайтайын деп документтерімді жөндетіп жүрмін. Ал сен ше?» «Мені жібергілері келмейді?» «Сөзді қой, бала. Өзіңнің шынымен елге қайтқың келе ме?» «Иә». «Ендеше, осы пікіріңнен тайма. Бұлармен өзім сөйлесемін».

Осылай деген Жұмекең ал кеп іске кірісті дейсің. Кірмеген есігі, бармаған бастығы жоқ. Оларға бұл жігіттің болашағына, жағдайына өзім жауап беремін дейтін сияқты. Сөйтіп жүріп мені босатып алды да, елге алып қайтты ғой...

Ж.А.: – Соғыстан кейін жау тылындағы сіздің ерлігіңіз туралы қалам тартқан адамдар болды ма? Болса, олар кімдер еді?

Қ.Қ.: – Бұл сауалыңа: «Жазушы Ғабдол Сланов», - деп жауап бергім келеді. Қырқыншы жылдардың аяқ кезі болатын. Ол кісі менімен ұзақ сөйлесіп, әңгімелерімді жалықпай тыңдаушы еді. Сөйтіп жүріп бір күні «Алтай баласы» атты деректі шығармасын жарқ еткізгені. Онда жалғыз мен ғана емес, бүкіл Қайса әулеті қамтылып, бәрімізге жылы лебіздер айтылады.

Ж.А.: – Ал өзіңіз жазушылыққа қалай бет бұрып жүрсіз? Жалпы, сіздің шығармашылық жұмыспен шұғылданып, кітап шығарумен шындап айналысуыңызға ең алғаш рет кімдер ықпал етті деп ойлайсыз?

Қ.Қ.: – Бұған алдымен Жұмекең – Жұмағали Саинды, Шахмет Хұсайыновты, содан соң тағы да сол Ғабдол аға Слановты айтар едім. Бәрі де менің ауызекі түрде айтатын әңгімелерімнен басталды. «Қасым, - дейтін сонда ол кісілер, – Сен жас та болсаң көп нәрсені көрген екенсің. Осыларды қағаз бетіне түсіріп көрсең қалай болады? Жасқанба. Мына оқиғаларды бізге қалай айтып жүрсің, ойдан ешнәрсе қоспай, солай тізіп жаза бер. Көркемдеймін. Әдемілеймін деп те әуре болма. Бұлар осынысымен-ақ әсерлі. Бір қиналарсың... Екі қиналарсың. Көр де тұр, содан кейін қалай жазып кеткеніңді өзің де білмей қаласың». Ақыры осы ағаларымның айтқаны келді де тұрды. Біраз уақыттан кейін естеліктерім шыға бастағаны... Жазуға, шығармашылыққа бет бұруымның қысқаша тарихы міне осы, қарағым.

Ж.А.: – Менің байқауымша сіздің өміріңіз ылғи да кездейсоқ жайттар мен күтпеген оқиғалардан тұратын сияқты. Бұл қалай?

Қ.Қ.: – Соған өзім де таңғаламын, қарағым. Жас кезімдегі жағдайларды ғой, кітаптарымнан жақсы білесің. Ал енді қартайдым, кездейсоқ жайттардың ауылы менен алыстаған шығар дейін десем, олар тағы да алдымнан шыға береді... Күлме маған... 1993 жылдың күзінде мынадай оқиғаға ұшырағаным бар. Үйде жатыр едім, Шығыс Қазақстан облысы келіп кетсін деп сәлем айтыпты. Бардым. Елден айналайын, хан көтеріп қарсы алды. Қайтарымда облыстық



әкімдіктің жігіттері иіліп төсек, жазылып жастық болып ұшаққа да өздері мінгізіп жібермесі бар ма?! «Алаңдамаңыз. Жеңгейге хабарлап айттық. Енді екі сағаттан кейін Алматыдағы үйіңізде боласыз», - деді олар қоштасып жатып. «Рахмет, айналайындар!» - деймін риза көңілмен. Сөйтіп, әуеге көтерілейік. Самолет ұшып келеді, ұшып келеді, бірақ Алматы көрінбейді. Қалғып кетіп ояңсам, түн..., бөтен аэропорт. «Қай жер?» деп сұраймын аң-таң болып. «Кемерово қаласы», - дейді стюардесса. Сонда ғана барып облыстық әкімдік жігіттерінің шатасқанын, Алматы деп Кемеровоның көлігіне мінгізіп жібергенін түсіндім. Өкінгеннен, ренжігеннен не пайда, әрекет етуге көштім. Қайыра билет алып, Өскеменге кері ұшайын десем, кассадағылар: «Осы таяуда бізде Ресейдің жаңа рублі шыққан. Мына сабан ақшаңызды алмаймыз», - деп жолатпайды. Қонақ үйге барайын, тамақ ішейін десем де, осындай кедергі. Сол кезде бұрын өзін көрмеген, білмеген, бірақ аты сырттай таныс Амангелді Төлеев есіме түсті. «Облыстық Кеңестің төрағасы ғой. Ақшамды ауыстырып беруге көмектесер» деп ойладым ішімнен. Сөйттім де, оған сол аэропорттан

кезекші қыз арқылы телефон соқтырттым. «Мен сізді білемін. Ешқайда қозғалмай, сол орныңызда тұрыңыз. Қазір көмекшімді жіберемін», - деді ескі танысымдай аңқылдап тіл қатқан ол. «Жау жерінде бір үйің болсын» деген рас-ау. Амангелді Ресей Президентінің пәрменімен елдегі Кеңестердің тарап жатқан үстіне келгеніме, жағдайының шатқаяқтап тұрғанына қарамастан, мені өте жақсы қабылдады. «Бүгін бұл жақтан Қазақстанға самолет ұшпайды. Ертең қайтыңыз. Көмекшім сізді қонақ үйге де орналастырады, билет те әпереді. Ешнәрсеге алаңдамаңыз», - деді ол жігерлі үнмен. Сөйтті де, мұндағы саяси-әлеуметтік ахуалдың қиын екенін, отбасына қастандық жасалғанын, қарапайым халықтың өзін жақсы көретінін, таяуда жаңа кітабының шыққанын баяндап өтті. «Жағдай бұлай болса елге, Қазақстанға қайтпайсың ба, айналайын», - дедім мен оны жоғарыдағы айтқан әңгімелерінен кейін аяп кетіп. «Жоқ. Бармаймын, - деді ол. – Біріншіден, Қазақстанға менің еңбегім сіңген жоқ. Не деп барамын? Екіншіден, қиындық туғанда төменшіктеп көріну тағы жараспайды. Ол маған ұят. Үшіншіден, мұндағы қалың бұқараның мен дегенде жаны басқа. Жақсы көреді. Сыйлайды. «Кетпе. Шыда», - дейді. Сенімнен артық не бар? Демек, енді не көрсем де осылармен бірге көрмекпін».

Ертесінде мен Өскеменге аттандым. Содан қашан Алматыға жетер-жеткенше көз алдымнан сонау Сібір жерінде жүрген Амангелді Төлеев кетпей қойды. Онымен мені кездестірген кездейсоқтық па? Жоқ. Дәм-тұз, тағдыр шығар, бәлкім.

Жанболат АУПАЕВ
жазушы



Талғат Бигелдинов – қазақ ұландарына Отан қорғаудың өшпейтін өнегелі ізін қалдырған батыр. Ол – көк жүзінде қаһарман ерліктердің ерекше үлгісін көрсеткен аты аңызға айналған айтулы тұлға. Есімі ел есінде мәңгі қалған Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын алған алғашқы қазақ, белгілі ұшқыш Талғат Бигелдиновтың өмірі туралы сыр шерткенді жөн көрдік.

ҰШҚЫШ

Авиация генерал майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері Талғат Бигелдинов 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысына қарасты Қорғалжын ауданындағы Майбалық деген шағын ауылда дүниеге келген. Бірақ, кейіннен оның отбасы қазір Қырғызстанның астанасы болып, Бішкек деп аталған Фрунзеге көшіп кетеді. Талғаттың отбасы нашар тұрды, әкесі мен анасы жер жетіспегеннен туған ауылын тастап, шағын табыспен күн көру үшін көшіп кетеді. Ал бала Талғат ата-анасымен бірге 6 жасқа дейін өмір сүрді, содан кейін ежелгі дәстүрге құрмет ретінде біраз

уақыт баласы жоқ ағайының отбасында тәрбиеленді.

Ұшқыштың әкесі Жақыпбек 30-шы жылдары қиыншылық кезеңде ұжымшардан жалға жер алып, таудың етегінде пияз, жүгері егетін. Үйдің үлкендері жаз бойы түгелдей егістік басында болады. Сонда әжесімен бірге қалып, үйді қарап, бие мен сиырды бағып, сауатын да Талғат еді. Осылайша, ол еңбекке де ерте араласты. Ол кезде Талғат Бигелдиновтың ауылында қазақ-қырғыз мектебі жоқ болған. Сонда атасы орыс тілін білмеген Талғатты 4 сыныпты татар мектебіне береді. Сөйтіп, бала Талғат үйге келгенде қазақша сөйлеп,

көшеге шыққанда қазақша түсінбейтін орыс балалармен ойнап, мектепке барғанда татарша оқып, сауатын ашады. Содан да болар, оның сөйлеу тілінде орысша да, татарша да, қазақша да бар.

Талғат – жан-тәнімен аспанға берілген адам. Ол бала күнінен ұшқыш болуды армандады. Орыс тілін білмесе де, 13 жасында барлық қиындықтарға қарамастан, арманына қол жеткізу үшін өз еркімен орыстілді мектепке ауысады. Өжет жігіт 16 жасында «Екі капитан» романының кітабындағы кейіпкерлерге қызығып, ұшақты, жауынгерлік ұшуларды және аспанды

армандай бастайды.

Сөйтіп, ұшқыш болуды армандаған жігіт Бішкектегі аэроклубқа оқуға түседі. Бірақ, ондағылар Талғатты бірден қабылдағылары келмеді, өйткені, оның бойы өз жасы үшін өте кішкентай болды және ұшақ кабинасынан сәл ғана көрінген еді. Алайда, ол алға қойған мақсатынан қайтпай, өз арманына жетіп, ақыры оқуға қабылданады. Сол уақытта жас жігіттің қиын күндері басталды, оған мектеп пен аэроклубтағы оқуын бір уақытта алып жүруге тура келді, сонымен бірге, ол отбасына да көмектесуі керек болды. Олар өте нашар жағдайда



тұрды, киетін киімдері жұпыны болып, тамаққа да ақша жетпегендіктен, Талғат жұмысқа орналасуға мәжбүр еді.

Жас жігіт аспан әлеміне әуестеніп жүргенін әкесінен ұзақ уақыт бойы жасырып жүрді, себебі ол ұлының дәрігер болғанын қалады. Алайда, көп ұзамай, Талғат атанасы мен нұсқаушыларына тек ұшқыш қана емес, сондай-ақ батыл әрі алға қойған мақсатынан қайтпайтын адам екенін дәлелдей алды. Бірақ, ауыл баласына аэроклубта оқып, диплом алу жолы оңай болған жоқ. Ондағылар ауылдан келген қазақ жігітін ұзақ уақыт дұрыс қабылдамай, қорлап, төмендетті. Дегенмен, Бигелдинов соққыға төтеп беріп, барлық емтихандарды өте жақсы тапсырып, тіпті қоғамдық нұсқаушы болуды үйреніп шықты.

Оқу бітіргеннен кейін Талғат аспан мен ұшақсыз өмір сүре алмайтынын түсінеді және көп ұзамай ол ұшқыштың білімін жалғастыруға мүмкіндік алды. Сол кезде Саратовтағы ұшу мектебінде курсанттар таңдау үшін аэроклубқа комиссия келіп, Бигелдиновты бірден таңдайды. Сөйтіп, ол 1940 жылы ұзақ уақыт бойы Отанын көрмейтінінен хабары болмастан, Саратовқа кетеді.

Мұнда да Талғат Бигелдинов бойы мен ұлтына деген менсінбеушілік қарым-қатынасқа кез болады. Бірақ, мұнда ол өмірдегі алғашқы өмір мектебін және әртүрлі

құрылғыларда ұшудың керемет тәжірибесін алады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап жас курсанттар майданға аттанғылары келді, бірақ командирлер ұшқыштардың әлі де кәсіби дайындықтан өтуі керек екенін алға тартып, қанаты қатпаған бозбалаларды майданға, ажал аузына жіберуді қаламады.

Бірнеше ай өткен соң, Бигелдинов өз қалауымен Орынбор маңындағы бомбалаушы авиация мектебіне ауысады, онда жігіт ауыр көліктерді жылдам игеріп, көп ұзамай ефрейтор дәрежесін алды.

Бірақ, мұнда да жас ұшқышты бірден майданға жібермеді, ол басқа курсанттармен бірге училищеге шаруашылық жағынан көмектесті. Олар картоп егіп, сиыр мен шошқа бағып, барлық тағамды майдандағы жауынгерлерге жіберді. Көп ұзамай, Талғат өзінің болашақ темір тұлпары ИЛ-2-мен танысқан жері, жауынгерлік жойғыш мектепке ауыстырылды. Сол кездің өзінде ол ұшақ туралы аңыздар айтылып жүрген еді және барлық ұшқыштар аспанға тек сонымен қана қалықтағылары келді.

Ақырында, училищеге майдангерлердің бір бөлігін майданға жіберу туралы бұйрық келіп, қатарында Талғат Бигелдинов болған жас ұшқыштар нағыз соғыс ошағына аттанады. Олар Тверьге келіп, соғыстың не



екенін білді. Жас жауынгерлер мұнда бірнеше сағат бұрын сөйлескен адамының базаға қайта оралмауы мүмкін екенін түсінді. Шайқастар ауыр болды, тіпті аспанда ұшу тәжірибесі бар ұшқыштар да аман оралмады. Ал олар мұнда ұшу сағаты өте аз, он тоғыз жастағы бозбала болып келген еді. Бірақ, жау шабуылынан ешкім қорықпады, Талғат пен оның жолдастары ештеңеге қарамастан қалың майданға ұмтылып тұрды. Осылайша, Шығыстан шыққан жалғыз ұшқыш әскерилер арасында «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «Илюша» ұшағымен 1942 жылы майданға аттанады.

Бірақ, жас сарбаздар бұл жерде де бірнеше апта бойы командалық ұшу жаттығуларын жасап, жауды көзге елестетіп, бомбалауға мәжбүр болды. Ақырында, олар нағыз соғысқа қатысып, алғашында басқа ұшақтармен топтасып шабуылдауды үйреніп, содан кейін жеке-жеке жау құралын жоя бастады. Сол күннен бастап Бигелдинов әскерилер арасында ұшқыш танк деп аталып кеткен «Илюша» ұшағымен бас бүтін бауырбас көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы Берлинді алуға бірінші болып қатысады. Талғат мінген ұшақты жау жағы «Қара ажал» деп атаған

екен. Талғат Жақыпбекұлы пойыз, эшелон, танктерді, зенит зеңбірегін және гитлерліктердің басқа да маңызды стратегиялық базаларын жойды.

Осындай миссиялардың бірінде Бигелдинов бомбалау кезінде неміс мессершмитіне шабуыл жасап, оны атып жібереді. Сонда кеңестік баспасөзде жас сержанттың ерлігі туралы мақала жарияланады. Өйткені, Бигелдинов атып түсірген неміс маңызды тұлға болған, ол – жүзге жуық ұшақты жойған офицер. Және неміс офицері өзін жас сержанттың атып түсіргеніне ұзақ уақыт сене алмады. Бұл ұшу кезінде көрсеткен ерлігі үшін Талғат Бигелдинов II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін алады.

Өзінің әскери өмірінде жауынгерлік барлау, бомбалау бағанының басшылығы, немістің шабуылдаушы ұшақтарына шабуыл жасау секілді жүздеген оқиғалар болады.

1943 жылдың басында Талғат Бигелдинов он тоғыз мессершмиттке қарсы тұрып, тең емес күрес жүргізді. Сол кезде ол жау жеріне тоқтауға мәжбүр болып, жанындағы мергенімен бірге екі аптада кеңес әскеріне аман-есен жетеді.

Талғат Жақыпбекұлы өзінің алғашқы «Алтын





жұлдыз» медалі мен Кеңес Одағының Батыры атағын 1944 жылы алды. Оның басшылығындағы ұшақтар Кировоград пен Знаменка қалаларын батылдықпен қорғады. Бигелдиновтың өзі сол кезде жаудың төрт шабуылдаушысын атып түсірді. Бір жыл өткен соң Бигелдинов сол атаққа екінші рет ие болды. Шебер ойластырылған стратегиясының арқасында, оның эскадроны жау техникасы мен жаяу жүргіншілердің үлкен санын жоя алды.

Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов соғыста екі жыл ғана күрес жүргізсе де, бірақ осы уақыт ішінде 305 әскери шабуылға шығып, көптеген ұшақтарды құлатып, жүздеген командалық тапсырмаларды орындады. Ол Берлин үшін жүргізілген шайқастарға қатысып, мыңдаған жауынгерлермен бірге Қызыл алаңда жүріп өтіп, елге нағыз батыр ретінде оралды.

23 жасында Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын иеленіп, соғыста небір көзсіз ерлік көрсеткен қыран қазақ қан майданнан аман-есен оралды. Соғыстан кейінгі қиын кезеңде ол оқуын жалғастырып, Мәскеудегі Қызыл Ту әуе күштері Академиясына түсті. Талғат Бигелдинов майданда жүрген кезінде-ақ коммунистік партияға қосылып, партияның съездері мен іс-шараларына белсенді қатысты.

1945 жылы Бигелдиновтың кіші Отаны болған Макинск облысының тұрғындары, оны депутат етіп сайлады. Және Бигелдинов туған жеріне қуана-қуана келіп, өзінің сайлаушыларымен кездесті. Кезінде әкесі жер жетпегеннен туған өлкесін тастап кетуге мәжбүр болған облыстың тұрғындары енді Талғат Бигелдиновты қадірлеп, үлкен қуанышпен қарсы алды.

Сондай-ақ, ұшқышқа саяси қызметін Кеңес Одағы әуе күштерінің командалық қызметімен біріктіруіне тура келді. Талғат Бигелдинов денсаулығына байланысты ұшудан босатылғанына қарамастан, көптеген жылдар бойы азаматтық авиацияда жұмыс істеді. Запасқа ауыстырылғаннан кейін, ол Қазақстанда жұмыс істей бастады, еліміздің ірі қалаларында ұшу-қону жолағын құрумен айналысып, бірнеше рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. 1957 жылдан 1970 жылға дейін азаматтық авиацияны басқарып, Алматы, Ақмола, Арқалық, Қызылорда, Тараз сынды көптеген қалаларда аэропорт салу ісіне өлшеусіз үлес қосты.

Талғат Бигелдинов – екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алған тұңғыш қазақ. Ол болмысынан бос жатпайтын, алға қарай ұмтылып тұратын адам болды. Ол сол мінезінің арқасында қосымша Мәскеу инженерлік-құрылыс техникумын да аяқтап үлгерді және бірнеше жыл Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс басқармасында әртүрлі департаменттерді басқарды.

Талғат Бигелдинов ұзақ та жарқын өмір сүрді. Ол ешқашан қиындықтарға мойымай, әрдайым соңына дейін баратын. Оның жолы жас ұрпаққа үлгі болуға лайық, ұшқыштың өзі де бірнеше рет жастармен кездесіп, әскери ерліктері мен сол кездегі кеңестік халықтың рухы туралы әңгімелеп берген еді. 1957 жылдан 1970 жылға



дейін азаматтық авиацияны басқарып, Алматы, Ақмола, Арқалық, Қызылорда, Тараз сынды көптеген қалаларда аэропорт салу ісіне өлшеусіз үлес қосты.

Ол 1966 жылы жарық көрген «ИЛ шабуылдайды» деп аталатын кітабында ұшқыш мамандығына келудегі күрделі жолын, соғыстағы күнделікті өмірін және соғыстан кейінгі кезеңдері туралы баяндайды. Батырдың бұл кітабы тек Қазақстанда ғана емес, КСРО-да да танымал болды. Талғат Бигелдиновтың ерлігі көптеген теледидарлық бағдарламалардың, деректі фильмдердің және көркем фильмдердің негізі болды. Солардың ішінде даңқты ұшқыштың өмірі жайлы «Көкке самғау» атты деректі фильмі түсірілді.

Бүгінде ұшқыш боламын деген әрбір жас Талғат Бигелдиновтың ерлігін еске алады. Еліктей батырдың ізімен жүруді мақтаныш тұтады. Соңғы жылдарда Талғат Бигелдинов қатты сырқаттанып жүрді. 2014 жылдың 10 қарашасында белгілі ұшқыш дүниеден озды. Көк аспанда қалықтап ұшқанды жаны сүйген аспан адамы енді қайтадан аспанда...

Талғат атамыздың достары мен әріптестерінің естеліктеріне сүйенсек, ол өмірде ақ жарқын, қарапайым, өзінен көмек сұрап келгендерге әрдайым қол ұшын созып, көмектесетін кеңпейілді адам болған. Талғат Бигелдинов – қоғамдық танылу мен халықтың махаббатын тірі кезінде сезініп кеткен жан. Оның ерлігінің құрметіне және 9 мамырдағы жалпы жеңістің құрметіне 2000 жылы Көкшетау қаласында Ұлы Отан соғысының даңқты батырының қола мүсіні қойылды.

Сонымен қатар, бүгінде ақтөбелік жоғары азаматтық ұшқыш авиациясына, сондай-ақ батырдың өзі қайырымдылық іс-шаралары аясында жиі көмек көрсеткен Қарағандыдағы Республикалық әскери мектеп-интернатқа Талғат Бигелдиновтың есімі берілді. Сондай-ақ, авиация генерал-майорының өмірінің соңғы жылдары өткен Алматыдағы Қонаев көшесіндегі үйіне батырға арнап ескерткіш тақта қойылды. Сондай-ақ, бас қаламыз Астанада да оның алып ескерткіші бар.



«ТРУД УСЕРДНЫЙ К ПОДВИГУ ВЕДЕТ, ПОДВИГ – СЛАВУ ПРИНЕСЕТ»



**БОПИ ЖАКИШЕВИЧ
КАЛГАНБАЕВ
БЫЛ ЧЕЛОВЕКОМ
МИРНОЙ
ПРОФЕССИИ.
ОН, ОКОНЧИВ
КАРАГАНДИНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ИНСТИТУТ,
ДО УХОДА НА
ЗАСЛУЖЕННЫЙ
ОТДЫХ ТРУДИЛСЯ
УЧИТЕЛЕМ,
ЗАВУЧЕМ,
ДИРЕКТОРОМ В
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ
ШКОЛАХ, А ТАКЖЕ
ИНСТРУКТОРОМ
РАЙКОМА ПАРТИИ
АЙЫРТАУСКОГО
РАЙОНА
КОКШЕТАУСКОЙ
ОБЛАСТИ
(НЫНЕ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ).**

Как истинный педагог обучал и воспитывал детей, был духовным наставником. Он в любви к ним чаяния не знал. Его уважали не только дети, но и педагоги, сельские труженики. Бопи Жакишевич был добрым, внимательным, заботливым, требовательным к людям, умел находить язык со всеми. Неслучайно говорил известный казахский педагог - просветитель Ыбырай Алтынсарин: «Долг каждого из нас - принести посильную лепту на пользу своей Родины».

Когда началась война, он 17-летним пареньком из села Сулыколь ушел на фронт. Первые азы военной науки молодой парень постигал в Алма-Атинском военнопехотном училище. Программу, рассчитанную на несколько лет, юноша прошел всего за несколько месяцев.

С первых дней войны Бопи Жакишевич защищал родную землю, впоследствии стал кавалером ордена Отечественной войны второй степени, медалей «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», «За взятие Вены», «За взятие Будапешта» и других наград.

Первый прыжок

После училища судьба привела Калганбаева в 8-ю гвардейскую воздушно-десантную бригаду, которая дислоцировалась в городе Тойково Ивановской области.

- В бригаде меня встретили дружелюбно, - говорил фронтовик. - Распределили меня и моих товарищей по подразделениям - и началась новая жизнь. Мы изучали материальную часть десантной части, несли службу по охране военных объектов. Здесь же оттачивали свое боевое мастерство, совершая десятки прыжков.

Навсегда запомнил первый прыжок. В жидком свете облака уверенно взмахнул руками и пропал где-то за бортом воздушного судна, нырнул вниз, сразу же тугая струя ветра обдала меня. Впечатление вначале такое, как будто земля проваливается, горизонт чист и раздается вширь. Когда раскрылся купол парашюта, робость сменилась безудержной радостью. С успешным приземлением на землю хотелось кричать от небывалого ликования. Состояние было такое, что словно нет войны, где-то дети живут и учатся под мирным небом, я будто в своем аульском сулугульском лугу отстегиваю парашютные ремни, а над головой заливаются жаворонки,



вокруг гудят пчелы. Еще с детских лет запомнил лиловый луг, запах цветов, песнь в небе колокольчиков, когда с отцом ездил на покос травы, уборку хлеба.

Затем были и другие неординарные прыжки.

- Практически все наши занятия начинались с объявления тревоги, - вспоминал ветеран при встрече с молодежью. - Тревоги следовали одна за другой. Сколько их было, не помню, но знаю одно, что марш-броски были трудными и изнурительными. Каждая тревожная весть с фронта нас, новобранцев, объединяла еще быть сплоченнее и звала не расслабляться, а основательно изучать все предметы, которые имели практическое значение на фронте. Особое внимание было уделено огневой, тактической, инженерной, политической, физической, строевой подготовке и др. Конечно же, как дневным, так и ночным стрельбам. Словом, нагрузка была нелегкая, но мы были готовы вынести все трудности. А учили нас опытные преподаватели, тем более среди них были и фронтовики, получившие ранения на передовой. Глядя на них, беседа с ними, мы брали пример, были, как и они, убежденными патриотами своей страны. Человек привыкает ко всему, привыкли мы в какой-то мере к занятиям, беседам фронтовиков.

Спокойный по натуре, уравновешенный, трудолюбивый, обладающий физической выносливостью, хорошей выучкой, умением работать с людьми, Калганбаев своим усердием быстро завоевал авторитет в коллективе. Труды его и старания не остались незамеченными.

Выполняя поставленную задачу командования, десантник принимает непосредственное участие в боевых сражениях по форсированию реки Дунай, освобождению Будапешта, Вены,



Праги. Особо отличился он в боях на территории Венгрии по разгрому будапештской группировки врага.

«Вышла мадьярка на берег Дуная...»

- Помните, - говорил ветеран. - «Венок Дуная», стихи советского поэта Евгения Долматовского, а вернее, такие строки:

*«Вышла мадьярка на берег Дуная,
Бросила в воду цветок,
Утренней Венгрии дар
принимая,*

Дальше понесся поток...»

В 1944 году бои за освобождение Венгрии были жестокими. Принимая «дар» фашистов, воины нашего 337-го полка, отчаянно отбиваясь пушечно-пулеметным огнем, пошли в наступление. Полк входил в 106-ую дивизию, которая была в составе 2-го Украинского фронта под командованием выдающегося полководца маршала Родиона Малиновского.

Нам была поставлена задача форсировать Дунай и захватить плацдарм гитлеровцев на правом берегу реки с тем, чтобы обеспечить подход основных сил для дальнейшего беспрепятственного наступления. Перед тем, как форсировать реку, надо было бесшумно собрать сведения о противнике, перебравшись через Дунай, разделяющий Будапешт на

две части. Ранее действовавший мост был изолирован.

Такой приказ был поставлен десантнику старшине Калганбаеву. Он понимал, что это ответственная задача, и разведчикам нужна выдержка. Не выдержишь в тылу врага, дашь волю эмоциям в момент операции - подведешь себя и группу, а главное - приказ останется невыполненным. Об этом Калганбаев еще раз напомнил бойцам перед выходом на задание. Порой, чтобы выследить передний край, цель противника, нужно было потратить много часов. Калганбаевцы добивались своего, несмотря ни на какие трудности.

Старшина с группой разведчиков быстро соорудили из подручных средств лодку, несмотря на то, что над головой свистели пули фашистов, а вокруг рвались мины, снаряды, высадился на другой берег. Сверив маршрут по компасу и карте, вначале перебежками, затем ползком группа добралась в тыл гитлеровцев. Днем разведчики, замаскировавшись в зарослях, вели подсчет огневых точек, боевой техники, которая двигалась к линии фронта.

Им удалось засечь тщательно замаскированную минометную батарею и другое оружие, технику. Захваченный вражеский «язык» подтвердил разведанные бойцов группы.

Данные разведки помогли

нашим войскам успешно форсировать водный рубеж. Удар бойцов передового отряда оказался внезапным. Сбив боевое охранение, пехотинцы ворвались в первую траншею и захватили ее. Опомнившиеся фашисты попытались сбросить переправившиеся подразделения в реку.

Контратаки следовали одна за другой, но советские воины не только удержали плацдарм, но и стремились его расширить. Казалось, никто не может уцелеть в таком аду. Как только пехота поднималась в атаку, их встречал губительный огонь. Оглохшие от обстрелов, с опухшими от недосыпания глазами, бойцы стойко сражались. Отвага и мужество наших воинов были сильнее всего, несмотря на то, что было пролито столько крови.

Среди героев данного сражения командир части со словами: «Сталь ломается, но не сгибается» назвал и имя Калганбаева. А подчиненные знали, что Бопи не только отважный старшина, но и заботливый, требовательный командир. Он учил их владеть оружием, оберегать друг друга в бою. Обладая природными психологическими данными, он быстро входил в контакт с бойцами. Доверительное отношение, спокойная манера беседы, чуткое взаимопонимание располагали к нему подчиненных. В том же Будапеште Бопи Жакишевич встретил долгожданную Победу. Здесь же, в столице Венгрии, он стал участником парада Победы.

Труженица тыла Ляйля Сапиевна

После войны, прослужив в одной из частей Тульского гарнизона, в 1951 году старшина Калганбаев с орденами и медалями вернулся в родные края - в село Сырымбет, что в Кокшетауской области. Создал здесь семью с красивой, доброй, трудолюбивой, отзывчивой девушкой. Ляйля Сапиевна -



труженица тыла. В те суровые дни войны она трудилась от зари до зари в швейном цехе в промышленной артели, шила солдатам обмундирование – фуфайки, тулупы.

- Когда смена заканчивалась, спешили на эlevator, веяли вручную пшеницу, рабочих сил там тоже не хватало. Несмотря на то, что мы сами испытывали голод, холод, делали все, чтобы хлеб, обмундирование, которое ждали на фронте, своевременно были доставлены на передовую. Мы старались любую работу делать добросовестно и честно, - делилась воспоминаниями Ляйля Сапиевна. - Однажды наш заведующий предложил нам написать письма солдатам и вложить их в карманы кителей. Так мы и поступили. Каждая написала небольшие записочки с добрыми словами: «Вы, славные защитники, чувствовали нашу теплоту и любовь. С нетерпением ждем вас на Родине с победой!». Настолько это тронуло наших защитников, поддержало, что бойцы поделились своими впечатлениями в статье на страницах газеты «Красная звезда». Прочитал публикацию и первый секретарь ЦК Компартии Казахстана Жумабай Шаяхметов, который лично приехал в артель, познакомиться с нами. Как гласит народная поговорка: «Труд усердный к подвигу ведет, подвиг – славу принесет», мы прославились не только своим поступком, но и тем, как

самоотверженно трудились, давая стране продукции выше плана на 20-30 процентов.

Словом, война прокатилась и по мне. Мысленно перелистывая страницы своей жизни, особенно трудной и подчас изнурительной работы в военные годы в тылу, я все же с благодарностью вспоминаю те годы, которые закалили и научили меня ценить хороших людей и бесконечно любить свою Родину.

Важно подчеркнуть, что именно такие милосердные, трудолюбивые, отзывчивые, заботливые, как Ляйля Сапиевна, составляли силу и мощь не только тыла, но и целого фронта.

«Сеющий добро, пожинает благодарность»

Ветераны Бопи Жакишевич и Ляйля Сапиевна не сетовали на жизнь, прожив вместе счастливых 60 лет, отметив золотую свадьбу.

Ветеран был профессионалом своего дела, разумеется, очень добрым, скромным, отзывчивым человеком.

Такой же милой, благородной, заботливой была Ляйля Сапиевна. Не зря в народе говорят: «Добрая жена – счастья жизнь полна, а с плохой женой – счастье обходит стороной». Ляйля Сапиевна, являясь членом райкома партии, заботилась о людях, отстаивала их интересы, разумеется, не забывала и о детях, об уюте в очаге.

Бопи Жакишевич и Ляйля Сапиевна, конечно же, свою

любовь к людям постарались передать детям и внукам. Воспитали достойных сыновей Серика, Аскара и дочерей Тамару, Сауле, Бибигуль, за что они до сих пор благодарны родителям. Неслучайно гласит народная поговорка: «Сеющий добро, пожинает благодарность».

Кого не возьми из детей, внуков дружной семьи Калганбаевых, их жизнь, как и их отца, деда, связана с армейской службой. Так, сын Серик, окончив факультет лесного хозяйства Алматинского сельхозинститута, трудился инженером, исполнил свой воинский долг офицером-воспитателем в одной из частей Сибирского военного округа. До ухода на заслуженный отдых возглавлял лесные хозяйства в Акмолинской, Северо-Казахстанской областях. Другой сын – Аскар прошел службу в Вооруженных Силах, он же - участник ликвидации последствий аварии на Чернобыльской АЭС. Нынче дочь Сауле, внук Шокан, внучка Анара – офицеры.

До ухода из жизни Калганбаев как в семейном кругу, так и встречаясь с молодежью, никогда не кичился, очень редко и скупом рассказывал о своем боевом пути, больше вспоминал своих фронтовых друзей-товарищей, тех, кто отдал жизни ради мира.

- И те, кто прошел этот тяжелый путь до конца, и кто положил головы на алтарь Отечеству, не дойдя до последнего дня войны, сделали все, чтобы приблизить победный час, - говорил Калганбаев. - Что и говорить, у нас были патриотизм, дух, единство, сплоченность людей разных национальностей, вера в то, что мы одолеем врага. А жизнь на фронте была такая, какая есть. Бои шли очень жестокие, погибших, раненых было немало. Хоть люди истекали кровью, но никто не хотел бросать боевых товарищей, рвались бить фашистов. Вспоминая их, я не могу никого из них забыть, до сих пор во мне

сидит и тревожит душу гул войны. Мы, ветераны, думаем только об одном: чтобы будущее поколение никогда бы не испытывало то, что мы испытали, чтоб слово «война» осталось разве только в словарях.

В подтверждение слов фронтовика в Боровом Акмолинской области негасимо струится синеватое пламя Вечного огня у памятника защитникам Отечества, людям бессмертного подвига. Часто сюда приходит сын активного участника войны, ветерана труда Бопи Калганбаева Серик. Серик Бопиевич всегда несет сюда свежие цветы.

- Это дань памяти не только моему отцу, а всем тем, кто отстоял нашу Отчизну от фашистских захватчиков, - говорит мой собеседник ветеран труда, офицер в отставке Серик Калганбаев. - Очень хорошо сказал поэт Бахытжан Канапьянов о памяти:

«И сквозь Вечный огонь я вижу, как матери ждут,

И сквозь Вечный огонь я вижу, как вдовы бредут.

Рядом дети войны, держа их за локоть, идут.

Они в городе каждом, в каждом районе живут.

Стало у меня доброй традицией приходить сюда не только в день праздника Великой Победы, но и в будни. Считаю, что сегодняшняя молодежь должна знать все прошлое, связанное не только с фронтовыми дорогами своих предков, но и с их активным участием в послевоенном обустройстве страны. Ведь без подвига участников войны и тружеников тыла, без их самоотверженного труда и не было бы Победы. Неслучайно говорится: «Из одного металла льют медаль за бой, медаль за труд». Если прошлое не вспоминать, то настоящего не понять. Память не знает перерывов.

Сапаргали ЖАГИПАРОВ,
военный журналист



«Қуатты армия – Жаңа Қазақстан»



2025

AIBYN



Республикалық әскери-патриоттық журнал